



## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ



### Құрметті қазақстандықтар!

Біз тәуелсіздік жылдары көп жұмыс атқардық. Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан заманауи прогрессивті мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз еттік. Сапалы әрі тарихи маңызы зор құрылымдық, конституциялық және саяси реформалар жүргіздік. Қазақстанның халықаралық беделінің артуына және оның аймақтағы ге-

осяси рөлінің күшеюіне қол жеткіздік. Біз өңірлік және жаһандық проблемаларды шешу ісіне зор жауапкершілікпен қарайтын жауапты әрі қалаулы халықаралық серіктес ретінде танылды. Қазақстан ТМД және Орталық Азия елдері арасынан «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу үшін әлемдік қоғамдастық таңдап алған бірінші мемлекет болды.

### БЕЙНЕСІ МҰЗАРТ ШЫҢДАЙ АСҚАҚ ТҰЛҒА



8

Уақыт өткен сайын мұзарт шыңдардың да аласаратыны, телегей теңіздердің де тартылатыны, асау өзендердің де сабасына түсетіні сияқты, тәңір әуелден-ақ елден өзгеше тағдыр, ерекше алғырлық, дарын сыйлаған аяулы ағаның бүгінде аңызға айналған ізгі істері мен асыл қасиеттері қалды. Хисекен ағамен кіндік қанымыз тамып, өскен жеріміз бөлек, жас ша-

мамыз алшақ болса да, етене жақын араластық. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне департамент директоры қызметіне келген 2009 жылдың қазанынан басталған таныстығымыз, зор сыйластыққа ұласты. Сыйласып та, сырласып жүрген кезеңде ағаның адами болмысына, азаматтық әлеміне тәнті болдым.

### ОТ ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ – К ПОНИМАНИЮ И УЛУЧШЕНИЮ



9

По заказу Департамента внутренней политики Акимата Атырауской области Региональным научным центром социологических исследований при Атырауском Государственном Университете (АГУ) им.Х.Досмухамедова проводятся ежеквартальные социологические опросы среди населения города Атырау и Атырауской области с охватом в 1000 респондентов по ше-

сти направлениям. Составлены программа социологического исследования и анкеты по шести направлениям. Определена выборка социологического исследования с учетом распределения населения по критериям: половому признаку, возрастному признаку, этническому составу, образованию, социально-профессиональному составу, селу, району/ городу.

## Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

**Құрметті қазақстандықтар!**  
**Біз тәуелсіздік жылдары көп жұмыс атқардық.**  
**Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан за-**  
**манауи прогрессивті мемлекет құрып, бейбітшілік**  
**пен қоғамдық келісімді қамтамасыз еттік.**  
**Сапалы әрі тарихи маңызы зор құрылымдық,**  
**конституциялық және саяси реформалар жүргіздік.**  
**Қазақстанның халықаралық беделінің ар-**  
**туына және оның аймақтағы геосая-**  
**си рөлінің күшеюіне қол жеткіздік.**  
**Біз өңірлік және жаһандық проблемаларды шешу**  
**ісіне зор жауапкершілікпен қарайтын жауапты әрі**  
**қалаулы халықаралық серіктес ретінде танылды.**  
**Қазақстан ТМД және Орталық Азия елдері**  
**арасынан «ЭКСПО-2017» халықаралық**  
**көрмесін өткізу үшін әлемдік қоғамдастық**  
**таңдап алған бірінші мемлекет болды.**

Біз Еуразия өңірінің қаржылық, іскерлік, инновациялық және мәдени орталығы ретінде қалыптасуын қамтамасыз етіп, жаңа елордамыз – Астананы салдық.

Халық саны 18 миллионнан асып, өмір сүру ұзақтығы 72,5 жасқа жетті.

Біз берік экономикалық негіз қалыптастырдық.

Соңғы 20 жыл ішінде елімізге 300 миллиард АҚШ доллары көлемінде тікелей шетел инвестициясы тартылды.

Экономиканы өркендетудің негізі саналатын шағын және орта бизнес нығайтып келеді.

Дүниежүзілік Банктің бизнес жүргізу жеңілдігі рейтингінде Қазақстан 190 елдің ішінде 36-шы орынға көтерілді.

Біз әрдайым сыртқы сын-қатерлерге дер кезінде назар аударып, оларға дайын бола білдік.

Соған байланысты, мен елімізді жаңғырту жөнінде қажетті бағдарламалық бастамалар жасадым.

Олардың жүзеге асырылуы табысты дамуымыздың негізгі факторына айналды.

Біздің стратегиялық мақсатымыз – 2050 жылға қарай әлемдегі озық дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

2014 жылы еліміздің инфрақұрылымын жаңартатын «Нұрлы жол» кешенді бағдарламасын іске асыруды бастадық.

Үш жыл бұрын «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын жарияладық.

Содан кейін еліміздің Үшінші жаңғыруына кірістік.

Оның басты міндеті – Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру.

Еліміздің орнықты дамуы өмір сүру деңгейін одан әрі арттыруға деген зор сенім ұялатады.

Біз жаңа міндеттерді атқаруға дайынбыз.

**Құрметті отандастар!**

Соңғы кездері әлемдік саяси және экономикалық трансформация үдерістері күшейе түсті.

Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді.

Мызғымастай көрінген жаһандық қауіпсіздік жүйесінің

тұғыры мен халықаралық сауда ережелері бұзылуда.

Жаңа технологиялар, роботтандыру мен автоматтандыру еңбек ресурстарына және адам капиталының сапасына қатысты талаптарды күрделендіруде.

Қаржы жүйелерінің мүлде жаңа архитектурасы түзілуде.

Бұл орайда қор нарықтары кезекті қаржы дағдарысына алып келуі мүмкін жаңа «сабын көбігін» үрлеуде.

Бүгінде жаһандық және жергілікті проблемалар тоғыса түсуде.

Мұндай жағдайда сын-қатерлерге төтеп берудің және мемлекеттің табысқа жетуінің кепілі елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі болып отыр.

Үкімет, әрбір мемлекеттік органның, мемлекеттік компанияның басшысы жұмыс тәсілдерін өзгертуі қажет.

Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі басты басымдыққа айналуда тиіс.

Мен лауазымды тұлғаның жеке тиімділігін және қызметке лайықтылығын дәл осы өлшемге сәйкес бағалайтын боламын.

\*\*\*

Қазақстандықтардың әл-ауқаты, ең алдымен, табыстарының тұрақты өсімі мен тұрмыс сапасына байланысты.

**I. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫНЫҢ ӨСУІ**

Адам еңбекқор болып, өз кәсібін жақсы меңгергенде және лайықты жалақы алуға немесе жеке кәсіп ашып, оны дамытуға мүмкіндік болған кезде табыс артады.

Мемлекет пен адамдардың күш біріктіруінің арқасында ғана біз Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құра аламыз.

Біріншіден, Үкіметке 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 1,5 есе, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсіруді тапсырамын.

Бұл барлық сала бойынша түрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 1 миллион 300 мың адамның еңбекақысын тікелей қамтиды.

Бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкердің еңбекақысы көбейіп, орта есеппен 35 пайызға өседі.

Осы мақсаттарға 2019–2021 жыл-

дарда республикалық бюджеттен жыл сайын 96 миллиард теңге бөлу керек.

Осыған орай, енді, ең төменгі жалақы ең төменгі күнкөріс шегіне байланысты болмайды. Ең төменгі жалақының жаңа мөлшері бүкіл экономика ауқымындағы еңбекақы өсімінің катализаторына айналады.

Төмен жалақы алатын қызметкерлердің еңбекақысын көтеруге қатысты бұл бастаманы ірі компаниялар қолдайды деп сенемін.

Екіншіден, бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау керек.

Дәл осы бизнес арқылы жаңа жұмыс орындары ашылып, қазақстандықтардың басым бөлігі табыспен қамтамасыз етіледі.

**БІРІНШІ. Біз 2010 жылдың өзінде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын іске қостық.**

Өңірлерге жұмыс сапарым барысында мұның тиімділігіне көз жеткіздім.

Бағдарламаның қолданылу мерзімін 2025 жылға дейін ұзарту керек.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін жыл сайын қосымша кемінде 30 миллиард теңге бөлуді қарастыру қажет.

Бұл 3 жыл ішінде қосымша кемінде 22 мың жаңа жұмыс орнын ашуға, 224 миллиард теңге салық түсіруге және 3 триллион теңгенің өнімін өндіруге мүмкіндік береді.

**ЕКІНШІ. Экономикада бәсекелестікті дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен табиғи монополиялардың қызметі үшін белгіленетін тарифтер саласында тәртіп орнату мақсатымен батыл шаралар қабылдау керек.**

Коммуналдық қызмет пен табиғи монополияларды реттеу салаларында тарифтің жасалуы және тұтынушылардан жиналған қаржының жұмсалуды әлі күнге дейін ашық емес.

Монополистердің инвестициялық міндеттемелеріне тиімді мониторинг пен бақылау жүргізілмей отыр.

Үкімет 3 ай мерзім ішінде осы мәселемен айналысып, бәсекелестікті қорғау функциясын елеулі түрде күшейте отырып, монополияға қарсы ведомствоның жұмысын реформалауы керек.

Бұл – маңызды мәселе, ол бизнес үшін кететін шығынның артуына, адамдардың нақты табысын азайтуға әкеп соқтырады.

**ҮШІНШІ. Бизнесті заңсыз әкімшілік қысымнан және қылмыстық құдалау қаупінен қорғауды арттыра түсу керек.**

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық заңнамасының бұзылуы жөніндегі қылмыстық жауапкершіліктің қолданылу шегін, айыппұлды өсіре отырып, 50 мың айлық есептік көрсеткішке дейін арттыруды тапсырамын.

Сондай-ақ, негізгі міндеті көлеңкелі экономикамен күрес болуға тиіс Қаржы мониторингі комитетіне функцияларын бере

отырып, Экономикалық тергеу қызметін қайта құру қажет.

Біз «қолма-қол ақшасыз экономикаға» бет бұруымыз керек.

Мұнда жазалаушы ғана емес, сондай-ақ бизнестің қолма-қол ақшасыз есеп айырысуын қолдау сияқты ынталандырушы құралдарға да сүйенген жөн.

Салық және кеден саласындағы ақпараттық жүйелер интеграциясының аяқталуы әкімшілендірудің ашықтығын арттырады.

Үкімет үш жыл ішінде экономикадағы көлеңкелі айналымды кем дегенде 40 пайызға қысқарту үшін нақты шаралар қабылдауға тиіс.

Бизнес өз жұмысын жаңадан бастау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салықтың негізгі сомасы төленген жағдайда, өсім мен айыппұлды алып тастай отырып, шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясын» жүргізуге кірісуді тапсырамын.

**ТӨРТІНШІ. Экспортқа бағытталған индустрияландыру мәселесі экономикалық саясаттың негізгі элементі болуға тиіс.**

Үкімет өңдеу секторындағы экспорттаушыларға қолдау көрсетуге баса мән беруі қажет.

Біздің сауда саясатымызда селқостық болмауға тиіс.

Оған біздің тауарларымызды өңірлік және әлемдік нарықта ілгерілететін белсенді сипат дарыту керек.

Сонымен бірге, халық тұтынатын тауарлардың ауқымды номенклатурасын игеріп, «қарапайым заттар экономикасын» дамыту үшін кәсіпорындарымызға көмектесу қажет.

Бұл экспорттық әлеуетімізді жүзеге асыру тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ ішкі нарықты отандық тауарлармен толтыру үшін де маңызды.

Үкіметке өңдеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес экспортты қолдау мақсатымен алдағы 3 жылда қосымша 500 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Басымдығы бар жобаларға қолжетімді несие беру міндетін шешу үшін Ұлттық банкке кемінде 600 миллиард теңге көлемінде ұзақ мерзімге қаржы бөлуді тапсырамын.

Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, осы қаражаттың көзделген мақсатқа жұмсалуды қатаң бақылауды қамтамасыз етуі керек.

Ірі әрі серпінді жобаларды жүзеге асыру үшін шетелдік инвесторлармен бірлесіп инвестиция салу қағидаты бойынша жұмыс істейтін Шикізаттық емес секторға бөлінетін тікелей инвестиция қорын құру мәселесін қарастыру қажет.

Сондай-ақ, көлік-логистика және басқа да қызмет көрсету секторларын ілгерілету жөніндегі жұмыстарды жандандыру керек.

Бай табиғатымыз бен мәдени әлеуетімізді пайдалану үшін сырттан келетін және ішкі туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет. Үкімет қысқа мерзімде



салалық мемлекеттік бағдарлама қабылдауға тиіс.

**БЕСІНШІ. Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру керек.**

Негізгі міндет – еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту.

Мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын елімізге заманауи агротехнологияларды ауқымды түрде тартуға бағыттау қажет.

Біз икемді әрі ыңғайлы стандарттарды енгізу және ауыл шаруашылығы саласындағы беделді шетелдік мамандарды – «ақылды адамдарды» тарту арқылы саланы басқарудың үздік тәжірибесін пайдалануымыз керек.

Ауыл кәсіпкерлеріне шаруашылық жүргізудің жаңа дағдыларын үйрету үшін жаппай оқыту жүйесін қалыптастырған жөн.

Үкіметке алдағы 3 жыл ішінде осы мақсаттарға жыл сайын қосымша кемінде 100 миллиард теңге қарастыруды тапсырамын.

**АЛТЫНШЫ. Инновациялық және сервистік секторларды дамытуға ерекше көңіл бөлген жөн.**

Ең алдымен, «болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет.

Еліміздің жаһандық әлемдегі орны мен рөлі келешекте нақ осыларға байланысты болады.

Үкіметке Назарбаев Университетімен бірлесіп, нақты жобаларды анықтай отырып, әрбір бағыт бойынша арнайы бағдарламалар әзірлеуді тапсырамын.

Университет базасында жасанды интеллект технологиясын әзірлеумен айналысатын ғылыми-зерттеу институтын құру сондай жобалардың бірі бола алады.

**ЖЕТІНШІ. Нақты экономиканы өркендету үшін қаржы секторының рөлін күшейтіп, ұзақ мерзімді макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет.**

Бағаның өсуі, қаржыландыруға қолжетімділік, банктердің орнықтылығы – міне, осы мәселелер көбіне қазір жұрттың қызығушылығын тудырып отыр.

Ұлттық банк Үкіметпен бірлесіп, қаржы секторын және нақты секторларды сауықтыру, инфляцияға қарсы кешенді саясат жүргізу мәселелерін жүйелі түрде шешуді бастауы керек.

Қалыптасқан жағдайда экономиканы, әсіресе, өңдеу секторы мен шағын және орта бизнесті несиелендіруді ұлғайту өте маңызды.

Сондай-ақ, зейнетақы активтері мен әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ресурстарын басқару тиімділігін арттырып, баламалы қаржы құралдарын – құнды қағаз нарығы, сақтандыру және басқа да салаларды нақты дамыту керек.

Бизнесті шетел инвестициясымен, капиталға қолжетімділікпен қамтамасыз ету ісінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы маңызды рөл атқаруға тиіс.

Біз жеке сотты, қаржы реттеуішінің, биржаны арнайы құрдық.

Барлық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар осы алаңды белсенді пайдаланып, оның тез қалыптасуына және дамуына атсалысуы керек.

\*\*\*

Аталған шаралардың тиімді жүзеге асырылуы жалақының өсуі мен жаңа жұмыс орындарының ашылуы есебінен қазақстандықтардың табысын арттырады.

Бұл үдерістер әрдайым Үкіметтің басты назарында болуға тиіс.

**II. ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ**  
Әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы. Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты.

Осыған орай, Үкімет әлеуметтік секторға, қауіпсіздік пен инфрақұрылымға мән бере отырып, бюджет шығыстарының басымдықтарын қайта қарауға тиіс.

**БІРІНШІ. 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет.**

Қаржыландыруды халыққа қызмет көрсету сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ететін тиісті реформаларды жүзеге асыру үшін бағыттау керек.

**ЕКІНШІ. Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту**

**керек.**

Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады.

Білім беру ісінде 4K моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда.

Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау қажет.

Білім және ғылым министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, биыл тиісті «Жол картасын» әзірлеуі керек.

**ҮШІНШІ. Орта білім беру жүйесінде негізгі тәсілдер белгіленген, қазіргі кезеңде солардың орындалуына баса назар аударған жөн.**

Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады.

Білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс.

Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды.

Бұл оқытудың жеке бағдарын жасауға және оқушы мен мұғалімнің оқу жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Балалар қауіпсіздігінің маңыздылығын ескеріп, бүкіл мектептер мен балабақшаларды бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етуді, мектеп психологтарының жұмысын күшейтуді және басқа да дәйекті шараларды жүзеге асыруды тапсырамын.

Білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатымен оқушыларға орын жетіспейтіні, мектептердің үш ауысымда оқыту және апат жағдайында болу проблемалары мейлінше сезіліп отырған өңірлер үшін Үкіметке 2019–2021 жылдарға арналған бюджеттен қосымша 50 миллиард теңге қарастыруды тапсырамын.

**ТӨРТІНШІ. Келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймын.**

Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекеме-

лер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс.

**БЕСІНШІ. Жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі.**

Біз гранттардың санын көбейттік, енді жауапкершіліктің кезеңі келді.

Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы.

Жоғары оқу орындарын ірілендіру саясатын жүргізу қажет.

Нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндері ғана қалуға тиіс. Назарбаев Университетінің тәжірибесіне сүйеніп, үздік шетелдік топ-менеджерлерді жұмысқа тарту арқылы әлемнің жетекші университеттерімен әріптестік орнату маңызды.

**Қазіргі білім инфрақұрылымының базасында Назарбаев Университетінің үлгісімен өңірлік жаңа жоғары оқу орнын құру қажет деп санаймын.**

**АЛТЫНШЫ. Медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің аса маңызды компоненті болып саналады.**

Ең алдымен, әсіресе ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін қызметкерлерді вьнталандыру үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауруларды емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген учаскелік медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен 20 пайызға көбейтуді тапсырамын.

Осы мақсаттарға келесі жылы 5 миллиард теңге бөленеді.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшуге тиіс.

Бұл 2020 жылға қарай бүкіл тұрғындардың электронды денсаулық паспорттарын жасауға, кезектерді, бюрократияны жоюға, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Осыған дейін жасалған кардиологиялық және нейрохирургиялық кластерлердің тәжірибесін пайдаланып, 2019 жылы Астанада Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың құрылысын бастау керек.

Осылайша біз көптеген адам өмірін сақтап қаламыз.

**ЖЕТІНШІ. Өңірлік деңгейдегі резервтерді тауып, бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру қажет.**

Үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды тапсырамын.

Сондай-ақ, қолданыстағы, әсіресе мектептердегі спорт ғимараттарын тиімді пайдаланып, дене шынықтырумен айналысу үшін аулаларды, парктерді, саябақтарды жабдықтау қажет.

**СЕГІЗІНШІ. Ұлт саулығы – мемлекеттің басты басымдығы. Бұл – қазақстандықтар сапалы азық-түлікті пайдалануға тиіс деген сөз.**

Бүгінде халықты сапасыз әрі денсаулыққа және өмірге қауіп төндіретін тауарлар мен

көрсетілетін қызметтерден қорғайтын тұтас саясат жоқ.

Үкіметке шаралар қабылдауды және осы жұмысты ретке келтіруді тапсырамын.

Келесі жылдан бастап Тауарлар мен көрсетілетін қызмет сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитеті жұмысын бастауға тиіс.

Оның қызметі, ең бастысы, азық-түлікке, дәрі-дәрмекке, ауыз суға, балалар тауарына, медициналық қызмет көрсетуге сараптама жүргізуді қамтитын болады.

Бұл үшін заманауи зертханалық базаны қамтамасыз етіп, білікті мамандар штатын қалыптастыру қажет.

Бұл орайда, тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын қоғамдық ұйымдарды институционалды тұрғыдан күшейтіп, оларды белсенді пайдаланған жөн.

Біз әрдайым бизнеске көмек көрсетеміз, бірақ адам, оның құқықтары мен денсаулығы маңыздырақ.

Мемлекет әкімшілік кедергілерді азайту барысында көптеген тексерістен, рұқсат беру және басқа да рәсімдерден бас тартты.

Сондықтан, ұсынылатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі үшін бизнес қоғамдастығы да жауап береді.

Жалпы, бизнес пайда табуы ғана емес, сондай-ақ, мемлекетпен бірлесіп азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен жайлы тұрмысын қамтамасыз етуді де ойлауы керек.

\*\*\*

Халыққа сапалы әлеуметтік қызмет көрсету ісі тұрғын үй жағдайын жақсарту, еліміздегі кез келген елді мекенде жайлы әрі қауіпсіз өмір сүру сипатындағы мол мүмкіндіктермен үйлесімді түрде толығырақ түсуге тиіс.

### III. ӨМІР СҮРУЕ ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жайлылық дегеніміз – ең алдымен, тұрғын үйдің қолжетімділігі, ауланың әдемілігі мен қауіпсіздігі, тіршілікке және жұмыс істеуге қолайлы елді мекеннің және сапалы инфрақұрылымның болуы.

**БІРІНШІ. Сапалы әрі қолжетімді тұрғын үй.**

Бүгінде біз тұрғын үй құрылысына зор серпін беріп отырған «Нұрлы жер» бағдарламасын табысты іске асырудамыз.

Тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыратын жаңа ауқымдағы «7-20-25» бағдарламасы қолға алынды.

Әкімдерге жергілікті бюджет есебінен жеңілдетілген ипотека бойынша алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырамын.

Мұндай тұрғын үй сертификаттарын беру біліктілігі жоғары педагогтер, медицина қызметкерлері, полицейлер және өңірге қажетті басқа да мамандар үшін ипотеканың қолжетімділігін арттырады.

Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтары үшін ірі қалаларда жалдамалы тұрғын үй құрылысын ұлғайту қажет.

Бұл шаралар 250 мыңнан астам отбасы үшін тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бюджет есебінен салынатын жаппай құрылыс алаңдарына арналған инженерлік инфрақұрылым жүргізуді қоса алғанда, мемлекет бес жыл ішінде 650 мың отбасыға немесе 2 миллионнан астам азаматтарымызға қолдау көрсетеді.

**ЕКІНШІ. Еліміздің аумақтық дамуына жаңа тәсілдер енгізуді**

**қамтамасыз ету қажет.**

Бүгінде жетекші елдердің экономикасы, көбіне, жаһандық қалалар немесе мегаполистер арқылы табылады.

Әлемдік ішкі жалпы өнімнің 70 пайыздан астамы қалаларда түзіледі.

Біздің өз тұрмыс салтымыз тарихи қалыптасты, моноқалалары мен шағын облыс орталықтары бар аграрлы экономика басымдыққа ие болды.

Сондықтан 18 миллион халқы бар ел үшін миллионнан астам тұрғыны бар 3 қаланың болуы, соның ішінде 2 қаланың тәуелсіз Қазақстан дәуірінде осы қатарға қосылуы – үлкен жетістік.

Астана мен Алматы еліміздегі ішкі жалпы өнімнің 30 пайыздан астамын қазірдің өзінде қамтамасыз етіп отыр.

**Б і р а қ , қ а л а л а р д ы н инфрақұрылымы кәсіпорындар мен тұрғындардың жедел өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне сай бола бермейді.**

Соңғы жылдары біз «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша республикалық маңызы бар инфрақұрылым қалыптастырдық.

2015 жылдан бастап 2400 шақырым автомобиль жолы салынды және қайта жөнделді. Бұл жұмыстар жалғасуда және 2020 жылға дейін қосымша 4600 шақырым жол пайдалануға беріледі.

Енді өңірлік және қалалық инфрақұрылымды жүйелі түрде дамытқан жөн.

Осы мақсатқа орай биыл қаржыландыру көлемі арты: жергілікті маңызы бар жолдарға 150 миллиард теңгеге дейін, ауылдық жерлерді сумен қамтуға 100 миллиард теңгеге дейін қаражат бөлінді.

Әкімдер осы қаражаттың есебінен өңірлердегі мейлінше өткір проблемаларды шешуге күш жұмылдыруы керек.

Үкімет бұл міндетті жүйелі қолға алып, қосымша инфрақұрылымдық мәселелер тізімін жасап, жобаларды бағалап, оларды қаржыландыру көздерін іздеп табуы қажет.

Жаңа мектептер, балабақшалар, ауруханалар құрылысын елді мекендерді дамыту жоспарларымен ұштастыру қажет, сондай-ақ, бұл секторға жеке инвесторларды тарту үшін жағдай жасаған жөн.

Сонымен қатар, «инфрақұрылым адамдарға» моделінен «адамдар инфрақұрылымға» моделіне бірте-бірте көшу қажет.

Бұл елді мекендерді ірілендіру ісін ынталандырып, бөлінетін қаражатты пайдалану тиімділігін арттыратын болады.

Әрбір өңір мен ірі қала бәсекеге қабілеттіліктің қолда бар басымдықтарын ескеріп, өзіндік орнықты экономикалық өсу және жұмыспен қамту моделіне сүйене отырып дамуға тиіс.

Осыған орай, тірек саналатын ауылдардан бастап республикалық маңызы бар қалаларға дейінгі түрлі елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу керек.

Бұл стандарт әлеуметтік игіліктер мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізімі мен қолжетімділігінің, көлік, мәдени-спорттық, іскерлік, өндірістік, цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілудің нақты көрсеткіштерін және басқа да мәселелерді қамтуға тиіс.

Экологиялық ахуалды жақсарту, соның ішінде зиянды заттардың таралуы, топырақтың, жердің,

ауаның жағдайы, қалдықтарды жою, сондай-ақ онлайн түрінде еркін қолжетімді экологиялық мониторинг жүргізу жүйесін дамыту жөніндегі жұмыстарды күшейту қажет.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған «кедергісіз орта» қалыптастыруға зор мән берілуі тиіс.

2019 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Еліміздің басқарылатын урбанизациясының жаңа картасына айналатын Еліміздің 2030 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын әзірлеуді тапсырамын.

Практикалық шараларды жүзеге асыру үшін нақты іс-шараларды, жобаларды және қаржыландыру көлемін көрсете отырып, Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі прагматикалық бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

Өңірлік дамудың аталған аспектілері іске асырылу мерзімдері 2025 жылға дейін ұзартылуға тиіс «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламаларында ескерілуі керек.

Біріншісі көлік инфрақұрылымын дамытуға, екіншісі – коммуналды және тұрғын үй құрылысындағы міндеттерді шешуге бағытталуға тиіс.

Бұл бағдарламалардың «екінші тынысын» ашу керек.

**Ү Ш І Н Ш І. Құқық қорғау органдарының жұмысына терең және сапалы өзгерістер қажет.**

Қауіпсіздік тұрмыс сапасының ажырамас бөлігі болып саналады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмыспен күресте «алдыңғы шепте» жүріеді, көбіне өз басын қатерге тігіп, азаматтарды қорғайды.

Сонымен қатар, қоғам құқық қорғау органдарының, ең алдымен, полиция жұмысының түбегейлі жақсаруын күтіп отыр.

Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, «Ішкі істер органдарының жаңғырту жөніндегі жол картасын» қабылдауды тапсырамын.

Реформалар 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асырыла бастауға тиіс.

**Біріншіден, Ішкі істер министрлігінің штаттық санын оңтайландырып, полицияны өзіне тиесілі емес функциялардан арылту қажет.**

Үнемделген қаражатты полицейлердің жалақысын көбейтуге, олардың тұрғын үй және өзге де әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттаған жөн.

**Екіншіден, полиция қызметкерінің жаңа стандартын бекітіп, мансаптық ілгерілеу, сондай-ақ, полиция академиялары арқылы кадрларды даярлау мен іріктеу жүйесін өзгерту керек.**

Қызметкерлердің бәрі қайта аттестациялаудан өтуге тиіс. Тек үздіктері ғана қызметін жалғастырады.

**Үшіншіден, халықпен жұмыс істеудің жаңа заманауи форматтарын енгізіп, полицияны бағалаудың критерийлерін түбегейлі өзгерткен жөн.**

Полицияның жұмысын сервистік модельге көшіру қажет.

Азаматтар санасында полицейлер жазалаушы емес, керісінше, қиын жағдайда көмек көрсетуші деген түсінік орнығуы керек.

Қалалық және аудандық ішкі істер органдары жанында Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қағидаты бойынша азаматтарды қабылдау үшін қолайлы жағдай

жасау қажет.

Қазақстанның бүкіл қалаларын қоғамдық қауіпсіздікке мониторинг жүргізу жүйелерімен жабдықтау керек.

Қоғам тарапынан білдірілген сенім деңгейі және халықтың өзін қауіпсіз сезінуі полиция жұмысын бағалаудың негізгі өлшемдері болуға тиіс.

**ТӨРТІНШІ. Сот жүйесін одан әрі жаңғырту.**

Соңғы жылдары көп жұмыс атқарылды, дегенмен, басты міндет – соттарға деген сенімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ету шешімін таппай отыр.

Сонымен қатар, құқық үстемдігі – біздің реформаларымыздың табысты болуының негізгі факторы.

**Біріншіден, сот жұмысының заманауи форматтарын және озық электронды сервистер енгізуді жалғастырып жөн.**

Жыл сайын 4 миллион азаматымыз сотта қаралатын іске қатысады.

Бұған қаншама күш пен қаражат жұмсалады!

Уақыт пен ресурстардың орынсыз шығынын талап ететін артық сот рәсімдері қысқаруға тиіс. Бұрын адамдардың жеке өздерінің келуі талап етілсе, қазір оны алыстан жүзеге асыруға болады.

**Екіншіден, сот жүйесінің сапалы дамуын және кадрларының жаңаруын қамтамасыз етіп, үздік заңгерлер судья болуға ұмтылатындай жағдай жасау керек.**

**Үшіншіден, әсіресе бизнес пен мемлекеттік құрылымдар арасындағы сот арқылы шешілетін дау-дамайды қарау кезінде түсінікті әрі болжамды сот тәжірибесі керек, сондай-ақ судьяларға заңсыз ықпал ету мүмкіндіктерін жою қажет.**

Жоғарғы сотқа Үкіметпен бірлесіп, жыл соңына дейін тиісті шаралар кешенін әзірлеуді тапсырамын.

\*\*\*

Кез келген реформаларды іске асыру барысында өзінің барлық іс-қимылын халықтың әл-ауқатын арттыруға арнайтын жинақы әрі тиімді мемлекеттік аппарат маңызды рөл атқаратын болады.

### IV. АЗАМАТТАР

#### СҰРАНЫСЫНА БЕЙІМДЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

Жаңа кезең жағдайында мемлекеттік аппарат қалай өзгеруге тиіс?

**БІРІНШІ. Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру.**

«Сапа» – мемлекеттік қызметші өмірінің жаңа стилі, ал өзін-өзі жетілдіру – оның басты қағидаты болуға тиіс.

Жаңа формацияның мемлекеттік қызметшілері мемлекет пен қоғам арасындағы алшақтықты қысқартуға тиіс.

Бұл арқылы тұрақты кері байланыс орнығып, мемлекеттік саясаттың нақты шаралары мен нәтижелері қызу талқыланып, жұртшылыққа түсіндіріледі.

Мемлекеттік басқару академиясы Назарбаев Университетімен бірлесіп, «Жаңа формацияның басшысы» бағдарламасын және басшылық қызметтерге тағайындау кезінде арнайы қайта даярлаудан өткізетін курстар әзірлеу қажет.

Үздік шетелдік компанияларда жұмыс тәжірибесі бар немесе әлемнің жетекші университеттерінде білім алған жеке сектордағы кәсіби мамандарды тарту маңызды.

Биыл біз 4 мемлекеттік органға жалақы төлеудің жаңа моделін енгіздік.

Барлық пилоттық жобалар жақсы нәтижелер көрсетіп отыр.

Мемлекеттік қызметке қызығушылық артты, әсіресе өңірлік деңгейде оның өзектілігі жоғары.

Тиімсіз шығындарды оңтайландыру және басшылық құрамын қысқарту есебінен төменгі және орта буындағы қызметкерлердің жалақысы 2 – 2,5 есе өсті.

Кадрлардың жұмыстан кетуі 2 есе қысқарды.

Беделді жоғары оқу орындарын бітірген түлектерді қоса алғанда, біліктілігі жоғары кадрлардың жеке сектордан келуі 3 есе артты.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде орталық аппаратқа арналған конкурс бір орынға 28 адамға дейін, ал өңірлік құрылымдарда бір орынға 60 адамға дейін өсті.

Маңғыстау облысының әкімдігіндегі 1 бос орынға енді 16 адам, ал Әділет министрлігінде орта есеппен 13 адам үміткер болып отыр.

Астанада мемлекет-жекеменшік әріптестік аясында іске асырылып жатқан жобаларды қаржыландыруға қатысты жаңа тәсілдер есебінен ғана 30 миллиардтан астам теңге үнемделді.

Еңбекақы төлеудің жаңа моделіне көшу үшін мемлекеттік органдардың басшыларына «бюджеттік-кадрлық маневрді» жүзеге асыруға құқық бердім.

Олар үнемделген қаражатты қызметшілердің жалақысын арттыруға бағыттау мүмкіндігін алды.

Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттік органдар жаңа модельге көшуді қалап отыр.

Ең бастысы – олар мұны тек жалақыны көбейту ғана емес, бәрінен бұрын, жұмыстарының тиімділігін арттыру деп түсінуі керек.

Еңбекке төленетін қаржының өсімі бюджет шығысын, соның ішінде бағынышты мекемелердің шығыстарын оңтайландыру және үнемдеу есебінен өтелуін бақылауда ұстауды тапсырамын.

Бұл жерде аталған жобаның беделін түсірмес үшін формализм мен теңгерімшілікке жол бермеу қажет.

**ЕКІНШІ. Осы күрделі кезеңде бөлінетін әрбір теңгенің қайтарымының мол болуына қол жеткізу керек.**

Тексерістер нәтижелері айқындап отырғандай, құрылыс құны кей жағдайда жобалық құжаттар әзірлеу кезеңінде-ақ арттырылып көрсетіледі.

Соңына дейін жеткізілмейтін немесе перспективасы жоқ екені әуел бастан белгілі болған жобалар бар.

Егер жүктелген іске жауапкершілік танытатын болсақ, бюджеттің жүздеген миллиард теңгесін үнемдеп, тұрғындардың нақты қажетіне бағыттауға болады.

Үкімет тиімсіз әрі уақтылы емес шығындарды болдырмай, шығыстарды оңтайландырып, қаражатты үнемдеу үшін жүйелі шаралар қабылдауы қажет.

**ҮШІНШІ. Сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жалғасатын болады.**

Біріншіден, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-

қатынасын азайтуға қол жеткізген жөн.

Жер қатынастары мен құрылыс саласындағы бюрократтық рәсімдер жұртшылықты мазалайтын мәселелердің бірі болып саналады.

Бұл салада ашықтық жоқ, халық пен бизнес ақпаратқа толық қол жеткізе алмай отыр.

Жер қоры мен жылжымайтын мүлік нысандары туралы мәліметтердің бірыңғай ақпараттық базасын жасауды тапсырамын.

Осы мәселе бойынша тәртіп орнатып, жерді нақты инвесторларға беру керек!

Бұл – бір ғана мысал.

Жұрттың және бизнес қоғамдастығының наразылығын туғызатын басқа да бағыттар бойынша тиісті реттеу жұмыстарын жүргізу керек.

Жалпы, 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілуге тиіс.

Сол үшін Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңды жедел жаңарту керек.

**Екіншіден, қарамағындағы қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылық жасаған жағдайда бірінші басшылардың жеке тәртіптік жауапкершілігін күшейту мәселесін пысықтау қажет.**

Сонымен қатар, адал жұмыс істейтін қызметкер тексерушілерден қорықпауға тиіс.

Үшіншіден, «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» жобалары аясында елорданың жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асыру жөніндегі тәжірибесін тарату керек.

**ТӨРТІНШІ. Үкімет пен барлық мемлекеттік органдардың жұмысында формализм мен бюрократияны азайту қажет.**

Соңғы кездері Үкіметтегі, мемлекеттік органдардағы ұзақ отырыстар мен кеңестердің саны еселеп артып, сондай-ақ құжат айналымы елеулі түрде көбейді.

Үкімет әкімдердің және олардың орынбасарларының қатысуымен күніне 7 кеңес өткізетін кездері де болады.

Олар қай кезде жұмыс істейді? Мұны доғарып, бұл мәселені ретке келтіру керек.

Өздеріне нақты міндеттемелер алуға және солар үшін жария түрде есеп беруге тиіс министрлер мен әкімдерге шешім қабылдау еркіндігін ұсыну қажет.

Еліміздің 2025 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарының әзірленген көрсеткіштер картасы бұған негіз болуға тиіс.

**БЕСІНШІ. Қойылған міндеттерді тиімді жүзеге асыру үшін реформалардың жүргізілуіне бақылау механизмдерін күшейту қажет.**

Үкімет пен мемлекеттік органдар жыл соңына дейін дамудың аталған барлық мәселелерін қамти отырып, нақты индикаторлар мен «жол карталарын» әзірлеуге тиіс, сондай-ақ реформаларды іске қосу үшін қажетті заң жобаларының бәрін Парламентке уақтылы енгізуі керек.

Өз кезегінде, Парламент оларды сапалы әрі жедел қарастырып, қабылдауға тиіс.

Реформалар мен негізгі стратегиялық құжаттардың жүзеге асырылу барысына мониторинг жүргізіп, бағалау үшін қажетті

өкілеттіктер бере отырып, Президент Әкімшілігінде Ұлттық жаңғыру офисін құруды тапсырамын.

Бұл офис статистикалық көрсеткіштерге мониторинг жүргізуден бөлек, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тәжірибесіне сәйкес, тұрғындар үшін өзекті мәселелер жөнінде халық пен бизнес өкілдері арасында тұрақты түрде сауалнама жүргізуді қамтамасыз етеді.

Офис әрбір бағыт бойынша қалыптасқан жағдай жөнінде маған үнемі баяндап отырады.

Үкіметтің әрбір мүшесі, мемлекеттік органдар мен компаниялардың басшылары алға қойылған міндеттердің орындалуына дербес жауап беретін болады.

**V. ТИІМДІ СЫРТҚЫ САЯСАТ**

Қазақстанның табысты жаңғыруын қамтамасыз ету үшін бастамашыл белсенді сыртқы саясатты одан әрі жүзеге асыру қажет.

Біздің бейбітсүйгіш бағытымыз бен осы саладағы нақты айқындалған қағидаттарымыз өзін-өзі толық ақтап отыр.

Қазақстанның Ресей Федерациясымен қарым-қатынасы мемлекетаралық байланыстардың эталоны болып саналады.

Толыққанды интеграциялық бірлестік әрі әлемдік экономикалық қатынастардың белсенді мүшесі ретінде қалыптасқан Еуразиялық экономикалық одақ табысты жұмыс істеуде.

Орталық Азия өңірінде өзара ықпалдастықтың жаңа парағы ашылды.

Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық серіктестігіміз дәйекті түрде дамып келеді.

«Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы Қытаймен қарым-қатынасымызға тың серпін берді.

Менің қаңтар айындағы Вашингтонға ресми сапарым және Президент Дональд Трамппен жүргізген келіссөздерім барысында Қазақстан мен АҚШ-тың XXI ғасырдағы кеңейтілген стратегиялық серіктестігі жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілді.

Біз сауда және инвестиция саласындағы ірі серіктесіміз – Еуропа Одағымен қарқынды ынтымақтастығымызды жалғастыра береміз.

ТМД елдерімен, Түркиямен, Иранмен, Араб Шығысы және Азия елдерімен өзара тиімді екі жақты қатынастар дамып келеді.

Ақтау қаласындағы саммитте қабылданған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция Каспий маңы елдерімен ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіндегі миссиясын абыроймен аяқтап келеді.

Сирия жөніндегі Астана процесі бейбіт жолмен реттеу және осы елдің дағдарыстан шығуы жөнінде тиімді жұмыс жүргізіп жатқан бірден-бір келіссөздер форматына айналды.

Сонымен қатар, қазіргі күрделі жағдайда Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты бейімделуді және ұлттық мүддені прагматизм қағидаттарына сәйкес ілгерілетуді талап етеді.

\*\*\*

Барлық кезеңде де табысқа деген нық сенім мен халықтың бірлігі ғана ел тағдырын шешкен.

Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында ғана біз ұлы асуларды

бағындыра аламыз.

**VI. ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ҮДЕРІСТЕРІНЕ АТСАЛЫСУЫ**

Әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс.

Реформаларды табысты жүзеге асыру үшін қоғамымыздың ортақ мақсатқа жұмылуы аса маңызды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді.

Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет.

Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс.

Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек.

Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын.

Біз ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғыртуға кірісуіміз қажет.

Бұған арнайы «Ауыл – Ел бесігі» жобасының іске қосылуы септігін тигізеді.

Бұл жоба арқылы өңірлердегі еңбекке қатысты идеологияны ілгерілетуді қолға алу керек.

Бойсқау қозғалысы сияқты «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құрып, мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің рөлін күшейткен жөн.

«Өз жеріңді танып біл» жаңа бастамасы аясында еліміздің өңірлері бойынша жаппай мектеп туризмін қайта жаңғырту керек.

Бүгінде халықтың әлеуметтік көңіл-күйін айқындайтын негізгі салаларда теңдессіз шаралар ұсынылып отыр.

Бастамалардың қаржылық көлемі

1,5 триллион теңгеден асады, ал жиынтық әсері одан да көбірек. Бұл халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға зор серпін береді.

Бұл – ең сенімді әрі тиімді инвестиция.

**Қымбатты қазақстандықтар!**

Халқымыздың бақуатты өмір сүруі және еліміздің озық дамыған 30 елдің қатарына қосылуы – Тәуелсіз мемлекетіміздің мәңгілік мұраты.

Біз қашан да заман сынына тегеурінді іс-қимылмен төтеп беріп келеміз.

Бұл – ең алдымен, ел ынтымағының арқасы.

«Ынтымақты елдің ырысы мол» дейді халқымыз.

Бүгінгі кезеңнің де талабы оңай емес.

Бірлігіміз мызғымаса, ынтымағымыз ыдырамаса, біз үшін алынбайтын асу, бағынбайтын белес болмайды.

Мен әрбір жолдауымда халықтың әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс сапасын жақсартуға ерекше мән беріп келемін.

Қазіргі «7-20-25», «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» және басқа да мемлекеттік бағдарламалардың басты мақсаты – халқымыздың тұрмыс сапасын жақсарту.

Қазақстанның бағындыратын биіктері әлі алда.

Осы жолда халық сенімі рухымызды жігерлендіріп, бойымызға күш-қайрат дарытады.

Сол сенімді ақтаудан артық мұрат жоқ!

## БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТЫҢ СЕРПІЛІС

**Кенжеғұлов Бекет Зинешұлы, техника ғылымдарының докторы, профессор, Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің деканы:**

Маңызды құжатта атап көрсетілген міндеттер ел дамуының ертеңгі кепілі. Елбасының биылғы Жолдауында білім саласының жан-жақты қамтылғаны бізді қатты қуантты. Адамзат баласының бүгінге дейін қол жеткізген ұлы игіліктерінің бастауы — білім, оқу мен тоқу арқылы жасалған. Сондықтан білім беру саласы Елбасының назарынан ешқашан тыс қалған емес. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында заманауи білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті, жан-жақты, көп тіл білетін маман даярлау, сондай-ақ білім



беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу керектігін айтады.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында: «Білім беру саласын экономиканың жеке саласы ретінде дамыту керек» деген ойы да — жаңашыл және өзекті.

Білім берудің барлық деңгейінде

математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Бұл — жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты» — делінген. Демек, алдағы уақытта жастарды бәсекеге қабілетті, өз Отанын сүйетін азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға білім беретін мұғалімдердің де соған сәйкес біліктілігін арттыруымыз керек.

Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет.

Сондай-ақ университет ғылымына, жас ғалымдарды қолдауға қатысты маңызды тұжырымдар зор мүмкіндік туғызады деп сенеміз. Жолдауда «жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындау» тезисі ерекше айтылды. Барлық салада, әсіресе білім саласында отаншылдық, бәсекеге қабілетті

білім, тәжірибе қай қиындықтан болсын алып шығады.

Білім саласында еңбек ететін мамандардың жағдайын жақсарту, мұғалімдердің еңбекақысын көбейту, цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, т.б. атқарылатын жұмыстарды белгілеп берді.

Жолдаудағы мемлекет тілі бастаған үш тілді терең меңгеру жайы, орта мектептің білім мазмұны, кәсіптік білімнің әлеуеті, цифрлық білік, оқу жүйесін сапаландыруға т.б. елеулі тұжырымдар саланың жаңа жағдайдағы дамуына кең жол ашады.

Енді біз осы міндеттерді бұлжытпай орындап, еліміздің дамуы жолында ерінбей еңбек етуіміз керек. Елбасының игі бастамаларына қолдау білдіріп, жаңа күндерден тек жақсылықтар күтейік!

**Жазып алған Айкөркем Нұрғалиева,  
Журналистика мамандығының  
3 курс студенті**

## «СТОИТ ДОВЕРИТЬСЯ И РАБОТАТЬ...»

Ежегодные Послания Президента служат примером всему народу Казахстана, как в политической сфере, так и в социально-экономическом вопросе. Именно об улучшении качества жизни граждан говорилось в новой реформе, принятой 5 октября текущего года. Вышеназванный документ предусматривает все необходимые конкретные шаги во всех отраслях нашей развивающейся страны. Только стоит народу довериться, работать целенаправленно во благо государства, и результат будет на лицо. В интервью с деканом факультета Экономики и права Кансуду УТЕПКАЛИЕВОЙ мы беседовали о важности решения проблем путем пенсионирования потребности граждан, поскольку главной темой сегодняшнего общества стал уровень дохода в каждой семье. Это и понятно, кто не хочет хорошо зарабатывать?! И еще одним самым важным элементом является повышение статуса педагогов, в фоне их вклада для возрастания патриотического духа у молодежи.

- Кансуду Мусаевна, как вы думаете, какие нюансы мы должны подчеркнуть выделить в новой реформе? В чем смысл данного документа?

- Каждое Послание Главы государства — это всегда поистине исторический документ, с которым Президент обращается к народу Казахстана, имеющий первоочередное значение для каждой казахстанской семьи, где излагаются самые главные приоритетные направления социально-экономического развития казахстанского общества. Нынешнее Послание Президента народу Казахстана является логичным продолжением курса, нацеленного, прежде всего, на рост благосостояния населения.

Особое внимание уделено росту благосостояния казахстанцев: повышению доходов и качества жизни. Глава государства поручил с начала следующего года повысить минимальную зарплату с 28 тысяч до 42 тысяч тенге, то есть в 1,5 раза. Это затронет более одного миллиона человек, которые работают во всех отраслях, на предприятиях различных форм собственности. А также повышение охватит 275 тысяч ра-

ботников бюджетных организаций, зарплаты которых вырастут в среднем на 35%. В свою очередь, это будет способствовать достижению цели создания Общества всеобщего труда.

- Как кандидат экономических наук, отметьте, какие пункты в Послании наиболее четко значимы для экономического роста, индустриализации бизнеса?

- Одним из основных инструментов по достижению поставленных целей является развитие отечественной экспортноориентированной обрабатывающей экономики, которая должна стать еще одним локомотивом развития страны. Высококачественные продукты глубокой переработки, пользующиеся спросом как на внутреннем, так и на внешнем рынках, обеспечат не только получение высокого дохода предприятиями, но и гарантируют рабочие места, налоговые поступления.

Важным элементом поддержки казахстанских предпринимателей является поручение о проведении с начала 2019 года налоговой амнистии. Данная мера, при оплате основной суммы налога позволит малому и среднему бизнесу очистить задолженность по штрафам



и пеням, и буквально начать работу с чистого листа.

Кроме того, в Послании уделено большое внимание развитию инновационных «экономик будущего». Прошедшая в прошлом году международная выставка «ЭКСПО - 2017» дала мощный толчок развитию в стране альтернативной энергетики. Благодаря ей, сегодня ветровые, гидроэнергетические установки получают широкое распространение по всей стране.

- Следующие двенадцать месяцев станут «годом молодежи». Что вы скажете насчет этого, какие пожелания?

- Да, для молодежи это пре-

красный шанс показать на что они способны на самом деле. Эта категория людей получит стимул развития разума и решений. Способствовать в виде поддержки основной движущей силой всего Казахстана — прекрасный ход со стороны Лидера Нации.

В целом хочется поддержать такие нововведения и инициативы, которые направлены на благо нашего народа и Республики Казахстан. Только трудолюбивость и концентрация позволят оказаться в лучшей тридцатке развитых государств мира. Самое бесценное — человек, а его ценят за труд.

**Омирбек КЕНЖЕАХМЕТОВ**

## БІЛІМ БЕРУ – ЕЛДІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазанда Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауын еліміздің жеткен жетістіктерін сақтап, жаңа белестерді бағындыруға бағытталған, ортақ мақсатқа жетелейтін маңызды тарихи құжат деп білеміз.

Қазақстан халқының экономикалық, әлеуметтік, мәдени және тұрмыстық мәселелерін қамтып, адам капиталын дамыта отырып, елдің өсіп-өркендеуіне жағдай жасау, яғни адам құндылығына назар аударып, халықтың тиімді жұмыс жасауы мемлекет дамуының кепілі екенін ерекше атап өтті. Жолдаудың айдарлы тақырыбының айшықтала түсуі алдымен халықтың табыстарының тұрақты өсімі мен тұрмыс сапасына байланысты. Ол үшін адам өз кәсібін жақсы меңгеріп, жеке кәсібін ашып, оны дамытуға мүмкіндік болған кезде табысы артатындығын ұғынуы керек. Міне, мемлекет пен адамдардың күші біріккенде ғана ортақ еңбек қоғамын құра аламыз деді.

Әлемдік өркениетке жетудің бірден бір жолы – терең білімділікте екенін үнемі назарда ұстап келе жатқан Елбасы әдеттегідей өзінің Жолдауында білім беру саласына зор көңіл бөліп, алдағы міндеттерді айқындап берді. Әсіресе білім берудің сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы білім мен ғылым сапасын жақсартуды арнайы білім ордаларындағы стандартқа бейімдеуге ұмтылыс, мұғалімдердің мәртебесін жоғарылату мен төменгі жалақы мөлшерін ұлғайту мәселелері көпшіліктің назарын ерекше аударды. Сонымен қатар, коммуникация, технологиялық әзірлемелерді сақтау, шет тілін білу, шығармашылық сияқты бағдарламаларға басымдық берілді. Білім грантының санын көбейте отырып, үлкен жауапкершіліктің кезеңі келгендігін ескертуде. Білім саласындағы бұл жауапкершілік жоғары білім берудің сапасын арттыру, оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары қызметке



орналасуы, Қазақстанның рухани жаңғыру бағытында ұлттық сананы қалыптастыру, Қазақстанның жаңартылған білім беру моделін құру. Зияткер тұлғаны қалыптастыруда Назарбаев зияткерлік мектептері мен университеттерінен инновациялық озық іс-тәжірибені үйрену, әлемдік деңгейдегі стандартпен жұмыс жасау арқылы еліміздің білім беру жүйесін жетілдіру бағытындағы міндеттерге басымдылық берді. Осынау игі істердің басында Елбасымыздың білім мен ғылымды дамытуға деген шынайы қолдауы тұрғандығын үлкен сеніммен айта аламыз. Адами капитал арқылы жаңа білім мен кәсіпті игеріп, санада да, қоғамда да айтулы өзгерістер жасап, өркениетті елдер санатына қосылуға болатынын айтты.

Елбасының биылғы жылғы дәстүрлі Жолдауын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылары, студенттері қызу талқылай отырып, басым бағыттарды зор ризашылықпен қабылдады. Аталған басымдықтарға сай нәтижелі жұмыс жасауға әзір екенімізге сенім білдіреміз.

Акмарал Муханбетжанова,  
педагогика ғылымдарының  
докторы, қауымдастырылған  
профессор

## БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ – МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың жылдағы дәстүрмен жасаған биылғы Жолдауын еліміздегі саяси оқиғалардың ең маңыздысы ретінде қабылданған тарихи құжат деп білеміз. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлауқатын көтеруге тың серпін берген биылғы Жолдауды ұстаздар қауымы ерекше ризашылықпен қабылдады. Президент қазақтың әрбір адамы, тұтас халқы үшін алаңдайтынын, оларға үлкен қамқорлық керектігін айтып қана қоймай, оны нәтижелі шешудің жолдарын айқындап берді.

Баршамызға белгілі тәуелсіздік алған жылдар ішінде елімізде бейбітшілік пен қоғамдық келісім қамтамасыз етіліп, Қазақстанның халық аралық беделі артып, жаһандық проблемаларды шешуде әлемдік серіктес ретінде танылды.

Елбасы Жолдауының әр тармағы халықтың әлеуметтік әл-ауқатын көтеріп, табысы мен тұрмысын жақсартуға бағытталған. Оның ішінде еліміздегі білім беру жүйесіне, әсіресе педагогтардың мәртебесін көтеру, құқықтарын белгілеу, еліміздің болашағы-ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелерге кеңінен талдау жасады.

Білікті маманды даярламай, дарынды жастарды қолдамай аталған міндеттердің межесінен шығу мүмкін емес. Сондықтанда жоғарғы оқу орындарында мамандарды дайындай отырып, оқу орындарының табыстылығының басты критерийі оқу бітірген жастардың



жұмыспен қамтылуы деді. Бұдан шығатын қорытынды – еліміздің әрбір саналы азаматы өзінің бар күш жігерін егеменді еліміздің экономикасын қалыптастыруға жұмсауы керектігін баса айтты. Сонымен бірге ғылымдағы жастардың қабілетін арттыру үшін олардың қызметін ынталандыру. Қазақстандық ғалымдарға арналған ғылыми зерттеулерге грант алу мақсатына бағытталған байқауларды ұйымдастыру керектігі де назардан тыс қалмаған. Бұл тапсырмалар әрине білім саласы қызметкерлерінен жаңаша көзқарасты және инновациялық қызметті талап етеді.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушы құрамы мен білім алушылары Елбасының Жолдауын қызу талқылай отырып, оған қолдау білдіріп, нақтыланған басымдықтарға сай нәтижелі жұмыс жасауға құлшыныс білдірді.

Сарсенова Нұрзила Сарсенқызы,  
Х.Досмұхамедов атындағы  
университеттің педагогика  
ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор



## «ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – ХАЛЫҚҚА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ»



Елбасымыз жылма – жыл теледидардан сөз алып, өзінің Жолдауын ұсынады.

Президенттің Жолдауы – еліміз үшін маңызды саяси оқиғалардың бірі. Себебі – ел туралы, халық болашағы мен оны жақсарту жолдарын қарастырады.

«Қазақстандықтардың әл – ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру». Халықтың табысы – еңбекақысы. 2019 жылдан бастап соны іске қосатынын, қолға алынатынын жеткізді. Тағы бірі, педагогтардың жалақысын өсіру, олардың жұмысын жеңілдету туралы. Адам үшін, адамның капиталын ары қарай дамыту, сақтау үшін екі мамандық биік тұрады. Біріншісі – денсаулық саласындағы мамандар болса, екіншісі – адамның рухани дамуы жағынан септігін тигізетін педагогтар. Педагогтардың мәртебесін өсіру – елдің мәртебесін көтеру.

Әуелі осы екі саладан бастауы керек. Мәдениет қызметкерлері тағы бар. Осының барлығын ойластырып, шешім қабылдау Елбасының кемеңгерлігінен деп білемін.

Тұрмыс сапасын арттыру жолында, өмір сүру үшін екінші орындағы керектісі – баспана. Президент қауіпсіздік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытында босаңсуға болмайтындығын айтып, қолайлы баспанаға қол жеткізгісі келетіндер үшін бес әлеуметтік бастаманың негізгісі – «7 – 20 – 25» бағдарламасы аясында тұрғын үй иелену жайын нақтылады.

Қазақстандағы көп келеңсіздіктер осы заңның айналасында туындап жатады. Заң, сот, полиция қызметкерлері өз жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен, адалдықпен

қарағаны жөн. Құқық қорғау қызметкерлерін жұмысқа аларда, үлкен тексеріс пен қабілетіне қарап алу керек. Қазіргі кезде барлық жерде жол көлік оқиғалары көбейді. Себебі неде? Тәртіптің жоқтығынан.

Жолдауда қазақстандықтар үшін өзекті мәселелер айтылды. Ғалым, ұстаз ретінде Елбасының бастамаларын қолдаймын. Елбасы Егемендік алғаннан бергі жоспарларының орындалғанын қалайтын басшы. Ол үшін барлығымыз, әр адам оған өз көмегін тигізуі керек. Қолдап, пікір білдіруіміз қажет. Міне, осы дұрыс шешім болады.

Жазып алған Талшын  
Куандықова,  
Журналистика мамандығының,  
2 курс студенті

## ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРЕМІЗ!

2018 жылдың 5-қазан күні Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты кезекті Жолдауын ұсынған болатын. Ең алдымен Елбасы Қазақстанның жарқын болашағы үшін жолдауда айтылатын, орындалуға тиісті келелі міндеттерден бұрын, атқарылған ауқымды істерге тоқталды. Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстанның беделді мемлекетке айналғанын айтып өтті.

Тәуелсіздік жылдарында қай-қай саланы алып қарасақ та, атқарылған міндеттер өте көп, маңыздысы Қазақстан ТМД және Орталық Азия елдері арасынан «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу үшін әлемдік қоғамдастық тандап алған бірінші мемлекет болды. Еліміздің стратегиялық мақсаты өз күшінде екенін, яғни – 2050 жылға қарай әлемдегі озық дамыған 30 елдің қатарына қосылу екендігін атап өтті.

Елбасы кезекті өз Жолдауында қазақстандықтардың әл-ауқаты жақсы болуы, ең алдымен, табыстарының тұрақты өсімі мен тұрмыс сапасына байланысты екенін айта келіп, биылғы Қазақстан халқына жолданған Жолдауын халықтың табысы мен тұрмыс сапасын арттыруға бағыттаған болатын.

Жаңа Жолдау елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелеріне және қазақстандықтардың әл-ауқатын одан әрі арттыру жөніндегі міндеттеріне арналған. Басты мақсат – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту.

Мемлекет пен адамдардың күш біріктіргенде ғана Жалпыға ортақ еңбек қоғамы құрылатыны белгілі.

Ол үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 1,5 есе, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсіруді Үкіметке тапсырды, бұл барлық сала бойынша түрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 1 миллион 300 мың адамның еңбекақысын тікелей қамтиды. Бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкердің еңбекақысы көбейіп, орта есеппен 35 пайызға өседі. Осы мақсаттарға 2019–2021 жылдарда республикалық бюджеттен жыл сайын 96 миллиард теңге бөлу керек.

2010 жылдан іске асып келе жатқан «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасының тиімділігіне тоқтала келіп, бұл бағдарламаның қолданылу мерзімін 2025 жылға

дейін ұзартуды тапсырды. Бұл 3 жыл ішінде қосымша кемінде 22 мың жаңа жұмыс орнын ашуға, 224 миллиард теңге салық түсіруге және 3 триллион теңгенің өнімін өндіруге мүмкіндік береді.

«Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында бизнесті заңсыз әкімшілік қысымнан және қылмыстық қудалау қаупінен қорғауды арттыру түсу керек. Ол үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық заңнамасының бұзылуы жөніндегі қылмыстық жауапкершіліктің қолданылу шегін, айыппұлды өсіре отырып, 50 мың айлық есептік көрсеткішке дейін арттыруды тапсырды. Бизнес өз жұмысын жаңадан бастау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салықтың негізгі сомасы төленген жағдайда, өсім мен айыппұлды алып тастай отырып, шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясын» жүргізу бойынша нақты тапсырмалар беріп өтті.

Сонымен қатар Елбасы өз Жолдауында экспортқа бағытталған индустрияландыру мәселесі экономикалық саясатының негізгі элементі болуға тиіс екенін, үкімет өңдеу секторындағы экспорттаушыларға қолдау көрсетуге баса мән беруі қажеттігіне тоқталып өтті. Еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортының 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейтуді негізгі міндет ретінде қоя отырып, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыруды тапсырды. «Болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, био-медицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ететін инновациялық және сервистік секторларды дамытуға ерекше көңіл бөлуді тапсырды, еліміздің жаһандық әлемдегі орны мен рөлі келешекте нақ осыларға байланысты болады.



Ұлттық банк Үкіметпен бірлесіп, қаржы секторын және нақты секторларды сауықтыру, инфляцияға қарсы кешенді саясат жүргізу мәселелерін жүйелі түрде шешуді бастайтын нақты экономиканы өркендету үшін қаржы секторының рөлін күшейтіп, ұзақ мерзімді макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, зейнетақы активтері мен әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ресурстарын басқару тиімділігін арттырып, баламалы қаржы құралдарын – құнды қағаз нарығы, сақтандыру және басқа да салаларды нақты дамытуды тапсырды. Бизнесің шетел инвестициясымен, капиталға қолжетімділікпен қамтамасыз ету ісінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы маңызды рөл атқаруға тиіс.

Аталған шаралардың тиімді жүзеге асырылуы жалақының өсуі мен жаңа жұмыс орындарының ашылуы есебінен қазақстандықтардың табысын арттыратыны сөзсіз.

Елбасы кезекті Жолдауында адамдардың өмір сүру деңгейінің артуы әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты ретінде көрінетінін атап өтті. Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты. Қазіргі «7-20-25», «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» және басқа да мемлекеттік бағдарламалардың басты мақсаты – халқымыздың тұрмыс сапасын жақсарту.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев биылғы Жолдауда жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтілетінін атап көрсетті.

Бұл кез-келген жоғары оқу орнына тікелей қатысты екені белгілі. Жыл сайын мектеп бітірушілер үшін грант саны көбейтіліп келеді. Кез-келген жоғары оқу орнын бітірген студенттердің тұрақты жұмыспен қамтылуы арқылы жоғары оқу орындарының қызмет сапасын бағалау кезеңі келгенін атап өтті.

Сонымен қатар Елбасы Жолдауда медициналық қызмет сапасына, оны арттыру жолдарына, жергілікті бұқара халықтың спортпен дене шынықтыруға, сапалы әрі арзан тұрғын үйге қол жетімділігін қамтамасыз етуге байланысты нақты міндеттерді қарастырып, іске асыру жолдарын бірлесе шешуді тапсырды.

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық мәселелері азаяр емес, Елбасы өз жолдауында сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрестің жалғасатынын жеткізді.

Сонымен қатар қарамағындағы қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылық жасаған жағдайда бірінші басшылардың жеке тәртіптік жауапкершілігін күшейту мәселесін қайта қарау қажеттігін баса айтып өтті.

Алға қойылған міндеттерді өз деңгейінде және өз уақытынан қалдырмай жүзеге асырған жағдайда ғана Қазақстанның, ондағы өмір сүріп жатқан әрбір қазақстандықтың тұрмыс сапасы жақсарып, табысының артары сөзсіз.

Биылғы Жолдау әрбір қазақстандықтың тұрмыс сапасы мен табысына тікелей байланысты болғандықтан, кез-келген адам биылғы Жолдауға бей-жай қарамайтыны сөзсіз. Себебі қоғамда нақты өз орнын қалыптастырып, табыс тауып, тұрмыс деңгейін жақсартып, қолжетімді медицина мен спорт шараларына қатысып, баспаналы болу, сапалы білімге қол жеткізу кез-келген саналы азаматтың абыройлы арманы екені даусыз!

Биылғы Жолдауға байланысты атқарылып жатырған шаралар ауқымы да үлкен, бұл кез-келген қазақстандыққа жақсы өмір сүруі үшін серпін берері сөзсіз.

Эльмира Адиетова,  
экономика ғылымдарының  
кандидаты,  
Қаржы және есеп  
кафедрасының меңгерушісі

## БЕЙНЕСІ МҰЗАРТ ШЫҢДАЙ АСҚАҚ ТҰЛҒА

Жыл толды үлкен  
жүрек тоқтағалы,  
Біз оны көп ізейміз жоқтап әлі.  
Ә.Тәжібаев

«Болмағандай, жүрмегендей сенде біз,  
Кетеміз-ау, әй, кетеміз,...пендеміз.  
Ұрпақтарға береміз де кезекті,  
Біз кетеміз».

«Кету үшін келгеміз», – деп Ұлы Мұқағали айтқандай, көз алдымызда пейілінің кеңдігі, жан дүниесінің тазалығымен айнала-сына мейірім шуағын шашып жүрген жаны жайсаң Хисмет ағамызды қаңтардың қытымыр аязды күні қайтпас сапарға қимас көңілмен шығарып салғанымызға да жыл толыпты-ау... Қуанышы мен қайғысы алмаса жүретін бұл фәниде өмір мен өлім алмасып, алғашқысы соңғысына орын босатып жатқан жалған тірлік қой. Тіршілігінде тағылымын көріп, тәлім алған абыз ағаның бақилық сапарға озғанына жыл болғанымен, мейірімді нұрлы бейнесі санадан өшер емес,

«Санаулы күн,  
Санаулы ай,  
Санаулы жыл».

Санай жүріп самайлар ағарды кіл.

Уақытты не пайда санағаннан,  
Алатұғын өмірде бағаңды біл», – деп Мұқағали айтқандай, әркімнің ғұмырлық жолы артында қалдырған шуақты іздерімен өлшенбек, жүрек жарды естелік сол аяулы аға жайлы болмақ.

Уақыт өткен сайын мұзарт шыңдардың да аласаратыны, телегей теңіздердің де тартылатыны, асау өзендердің де сабасына түсетіні сияқты, тәңір әуелден-ақ елден өзгеше тағдыр, ерекше алғырлық, дарын сыйлаған аяулы ағаның бүгінде аңызға айналған ізгі істері мен асыл қасиеттері қалды.

Хискең ағамен кіндік қанымыз тамып, өскен жеріміз бөлек, жас шамамыз алшақ болса да, етене жақын араластық. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне департамент директоры қызметіне келген 2009 жылдың қазанынан басталған таныстығымыз, зор сыйластыққа ұласты. Сыйласып та, сырласып жүрген кезеңде ағаның адами болмысына, азаматтық әлеміне тәнті болдым.

Даңғаза мақтанып-масаттанудан жаны ада, қашанда тынымсыз тірлік пен мызғымас бірліктің ортасында жүретін, адал еңбегімен елінің қадірлі де, қасиетті азаматы дәрежесіне көтерілген жүрегі мейірімді, ісі қайырымды Хисмет ағамызды еске алғанда, көз алдымызға сұңғақ бойлы, сымбатты да бидай өңді, ашық жүзді, ақжарқын мінезді азаматты елестетеміз!

Хисмет ағаның болмысы мүлде өзгеше еді... Жеке бас ұқыптылығында, тиянақтылығында шек жоқ, күнделікті киім киісі мен жүрісі де жоғары талғамға сай, үлгі-өнеге аларлық бекзат болмыс еді. Текті тұлға дегеніміз осындай-ақ болар деп ойлайсың.

Хисмет Бозанұлының артында қалған бір арнаға тоғысқан өзеннің үш саласындай дара жолындағы ғұмырлық жолы: ұстаз, ғалым және қайраткер ретінде қарастыруға болады. Ең бастысы, Хискең ұстаз, бар болмысымен, табиғатымен, бұдан да гөрі нақтырақ айтсақ, өз кәсібін шынайы жүректен сүйген, соған адал пейілімен берілген «қазақтың қаны бір, жаны бір...» (М.Жұмабаев) қайраткер ұстазы. Әр шәкіртінің болашақ өмір жолында азамат болып қалыптасуына тұғыр, зор жетістікте



жетуіне даңғыл жол ашқан ұстаз бола білді. Бұл күндері Хискеңнен дәріс алған шәкірттері кең-байтақ еліміздің әр түпірінде жас ұрпақ тәрбиесі жолында жемісті еңбек етуде. Ал, бойындағы талантын көргендікпен байқай біліп, «бетінен қақпай, белін бұған» шәкірттерінің біразы (Аққали Ахмет, Лесқали Бердіғожин, Саламат Идирисов, Мустахим Мұхтаров, Ғабит Базарғалиев, Қылышбай Сүндетұлы) бүгінде ұстаз жолын қуып, ғылым кандидаты мен доктор атанып, «альма матерінде» абыройлы қызмет жасауда.

Хискең ұстаздық, басшылық қызметін ғылыми жұмыспен ұштастыра отырып, «инемен құдық қазып», ғылымның асқар шыңын бағындырып, ғылым докторы атанды. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» демей ме, елге танымал ғалым болғаннан кейін өзіне өкшелес жас буынға үлгі, өнеге бола жүріп бірнеше ғылым кандидаттарын даярлап шығарды. Бүгінде Әділбек Тұрдалиев, Әнияз Ермағамбетова Хискеңнің «шекпенінен шыққанбыз», – деп мақтан етеді. Сондай-ақ ғалым аға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы Біріккен Диссертациялық Кеңестің мүшесі бола жүріп, талай жанның ғылым жолындағы еңбегінің шынайы ақжолтай қолдаушысы да болды.

Хисмет Бозанұлының өмір жолында ұстаздық, ғалымдық еңбегіне қарағанда ұйымдастырушылық, басшылық қызметінің шоқтығы мұзарт шыңдай биік, дара көрінеді.

Негізі 1950 жылы Гурьев мұғалімдер институты болып қаланып, бүгінде атағы кең жағанға мәшһүр болып отырған Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қалыптасып-өркендеуі жолында Хисмет Бозанұлының еңбегі ұшан-теңіз.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру, мамандар мен ғылыми-педагог кадрлар даярлаудың аймақтық университет жүйесін дамыту мақсатында 1994 жылы 2 маусымда №584 қаулысымен Халел Досмұхамедов атындағы Атырау педагогика институтын Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті етіп қайта құрды. Атырау жерінде бой көтерген алғашқы университеттің тұңғыш ректоры лауазымы Хисмет Бозанұлының тағдырында маңдайына жазылған бақ болыпты. Жаңа басшы ретінде статусы өзгерген оқу орнының материалдық-техникалық базасын соңғы талапқа сай құру жолында қыруар жұмыстар атқарды. Айтар

ауызға оңай болғанымен, сол кездегі ел астанасы – Алматы мен Атырау арасында талай мазасыз күндер мен ұйқысыз түндерін өткізді. Адал еңбек, төккен тердің арқасында Хисмет Бозанұлы елімізде жоғары білім саласының білгір ұйымдастырушысы бола білді.

Бұл күндері Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті де еліміздің ағарту, ғылым мен мәдениеті көшбасшыларының бірі ретінде әлемнің классикалық университеттері сияқты қарыштап дамып келе жатқан Қазақстанның заманауи жоғары оқу орындары санатында.

Білім ордасының күн сайын абаттанып, көркеюінде жас та болса іскер Абзал Ахатұлының еңбегі ұшан-теңіз. Абзал бауырымыздың ізгілікті, қайырымды ісін көргенде жаның ләззат алып, қазақтың «көргендінің баласы бір көргеннен үлгі алар, көргенсіздің баласы мың көрсе де, құр қалар» – деген киелі тәмсілі бекер айтылмаған-ау деп тамсанасың. Орда бұзып, қамал алар шақтарын көрікті Баянауыл мен қасиетті Абай, Шәкерім, Мұхтар елінде өткізген ініміздің көргені мен көңіліне түйгені зор, алар асу, шығар биіктері ұзағынан болсын, Хақ Тағалам бойына қуат, қиялына шабыт берсін дегім келеді!

Қытайдың данышпан ойшылы Конфуций «Байыптылық, жомарттық, кеңпейілділік, адалдық және мейірімділік – асқан адамгершілікті көрсететін бес қасиет» – деген екен, Хисмет ағай дүниеден өтсе де, оның бойындағы ерен адамгершілік қасиеттері-мейірімділігі, адалдығы, парасаттылығы, адамға қамқорлығы, жас ұрпақ тәрбиесі жолындағы қажырлы еңбегі, биік болмысы мен кісілік келбеті көзін көріп, өзімен сыйлас, тілектес, әріптес болған және білім-тәрбие берген шәкірттері көкейінде жаңғырып тұрары уақ!

Қазақта «Бақ деген – құс, ұшады да кетеді. Тақ деген – түс, кіреді де кетеді. Байлық деген – мұз, ериді де кетеді. Мәңгілік қалатын – адал іс», – деген ұлағатты сөзі бар. Бүкіл саналы ғұмырын университет қабырғасында өткізген Хисмет ағай киелі қара шаңырақтың артына адал іс қалдырған, іргетас тірегі бола білген еңбегі ерек, болмысы бөлек тұлға еді...

Өйткені ол тынымсыз еңбегімен, ақыл-парасатымен тек Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде ғана емес, республиканың түкпір-түкпіріндегі жора-жолдастарының, замандастарының, сан мыңдаған шәкірттерінің сый-құрметіне бөленген біртуар азамат болды. Марқұм «тарыдай» боп босағасын аттаған Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде жарты ғасырдан аса қызмет жасап, «таудай» болып өніп-өсті, бағы жанып, абыройы артып, мәртебесі жоғарлады, есімін оқу орны шежіресіне қалдырды. Хисмет Бозанұлы қиын-қыстау заманда өмірге келіп, өзінің күш жігер-қайратымен, адал еңбегімен ерте есейіп, ел қатарына қосылған азамат, қоғам қайраткері.

Бүкіл саналы ғұмырын білім мен ғылымға, оның ішінде жоғары мектеп саласына арнап, «өз ісінің маманы, көпшіліктің адамы» (әл-Фараби) бола білген Хисмет ағамыз мәнді де, мағыналы өмір сүрді. Соңына ұрпаққа үлгі боларлық өнегелі істері мен мол ғылыми мұрасын қалдырды.

«Байқаймысың,  
байқаймысың  
Мына ғажап тамашаны:  
Бір адамға байланысты бір адамның

болашағы.

Байыппен көз жіберсең асау жылдар өрісіне,

Бір адамға байланысты бір адамның жеңісі де», – деп қазақтың көрнекі ақыны Мұхтар Шаханов айтқандай, Хисмет ағамыздың саналы ғұмырында жеткен жетістіктері мен шыққан биігіне өмірлік қосағы Майра апамыздың еңбегі ерен.

Ер адам үшін нығмет атаулының ең абзалы – салиқалы да сабырлы, бекзат мінезді, тәрбиелі де өнегелі, есті де текті, ибалы да инабатты әйел екені ақиқат, ізгі әйел – үйдің жылуы. Қазақта «Ердің қосы оңбай, ісі оңбайды», «Дарын мен талант құдайдан, ердің бабы жұбайдан» деген аталы сөз тағы бар. Жалпы жігітке жақсы жар – жаратқанның берген өмірлік ырыздығы. Апамыз ағамызды қыран құстай баптап, көзінің қарашығындай сақтап, бар жағдайын жасап, мәпелеп ұстады. Майра апамызбен отбасылық өмірдің де қызығын тамашалап, ата-баба аманатына сай адал ұрпақ тәрбиеледі, өкініштісі, өмірден көргені көп, көңіліне тоқығаны мол, нағыз мәуелі бәйтеректей толысқан шағында дүниеден озды.

«Өткен адам болады көзден таса,

Өлді, өшті, оны ешкім ойламаса.

Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,

Керектісін ескеріп ұмытпаса»,

– деп Шәкерім айтқандай, Хисмет ағамыз өмірден өтсе де ізгі істері ел жадында сақталып, ұмытылмайтыны, керуен көші жылжыған сайын, оның тұлғалық қасиетінің мұзарт шыңдардай биіктей беретіні сөзсіз. Хискең мына фәни дүниеде бойындағы әкенің қаны, ананың сүтімен дарыған тектілігін парасаттылығымен, көркем мінезімен, көпшілікпен сыпайы қарым-қатынасымен, тоқ етерін айтқанда биік болмысы, кісілік келбетімен адамгершіліктің ғажайып үлгісін көрсете білді.

Ортағасырлық философ Сұлтан САНЖАР «Жаратушы дүниеге келген әр пендесінің кеудесіне жан салып, бойына алуан қасиет дарытады. Адам баласы тіршілігінде осы аманатты асқан ыждаһаттылықпен пайдаланып, өзінің ғана емес көптің қажетіне жаратуға тиіс. Өлшеп берген өмір түйықталып, аманат иесіне қайтқанда сондай жаңдардың тағылымды істері барша адамзаттың ортақ игілігіне айналады. Осылай өмір сүргендердің екі дүниеде жүзі жарқын болады» – деген екен, ол бекзат болмыстың, сарқылмас сабыр мен таусылмас төзімнің иесі, парасаттылық пен азаматтықтың өнегесі, алдыңғы буындағы аға ұрпақтың құрметіне бөленген, кейінге ұрпаққа үлгі болған біртуар тұлға еді. Асыл аға артына қалдырған мол рухани мұралары арқылы саф алтыннан құйылғандай ғұмырлық зәулім мүсінін сомдап кетті, есімі керуен көші жылжыған сайын мұзарт шыңдардай асқақтай берері сөзсіз!

Сөз соңында, «Тірі өледі, жер қойнауы – жатағы, ізі қалады, болса жақсы атағы» (Жүсіп Баласағұн) дегендей, көрген түстей болып, сол бір қайта оралмас қимас шақпен кеткен өнегелі ғұмырдың дара жолын, Табылдиев феноменінің ерекше сәттерін көзін көрген көпшіліктің көңіл көкжиегіне жаңғырта алсам зор мархабат деп ойлаймын.

Солтанбек Қасенов,  
Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының ғылым, халықаралық байланыс және тәрбие ісі жөніндегі проректоры

## ҚАЗАҚ ПЕН НОҒАЙ ТҮБІ БІР ХАЛЫҚ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті мен РФ Қарашай-Шеркеш республикасы гуманитарлық зерттеу институты арасындағы ғылыми-мәдени байланыс орнатылып, ғалымдар өзара дәріс беріп келеді. Осы орайда, Қарашай-Шеркеш республикасы гуманитарлық зерттеу институты Ноғай бөлімшесінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Суюнова Насипхан Хусинқызы студенттерге қазақ-ноғай халықтарының мәдени-рухани байланысы туралы дәрістер оқып жүр. Ғалыммен өткізген шағын сұхбатымызды ұсынамыз.

– Насипхан Хусинқызы, өзіңіздің туып-өскен еліңіз, ата-қоныс жеріңіз туралы білгіміз келеді?

– Қарапайым отбасында дүниеге келдім. Қарашай-Шеркеш республикасындағы Еркін-Халық деген ноғай ауылында балалық шағым өтті. Осы ауылда орта мектепті бітірдім. Әрине, арман қуып, білімге деген құштарлығым жетелеп жоғарғы оқу орнына тапсырдым. Нәтижесінде, Қарашай-Шеркеш Мемлекеттік педагогика институтына түсіп орыс тілі мен әдебиеті және ноғай тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алып шықтым.

Білімімді одан әрі толықтыру мақсатында Мәскеу қаласындағы А.М.Горький атындағы Ресей ғылым академиясының дүниежүзі әдебиеті институтында аспирантураны аяқтап, 1997 жылы кандидаттық диссертациямды қорғадым. Ал 2006 жылы сол институтта докторлық диссертациямды қорғап, біріңғай ғылым жолына түстім.

– Ғылыми зерттеу еңбектеріңіздің тақырыбы қандай болды?

– Ғылыми зерттеу жұмысымда «Ноғай тілінің сөздік мәдениеті, қолданыста болған көне тілмен салыстырмалы эволюциясы», «Көне

фольклорлық эпостардың тарихи тіл ерекшеліктері және қазіргі заманғы қолданыстағы тіл мәдениеті» деген тақырыптарды зерттедім. Сонымен қатар, Ноғай Ордасын құрушы мемлекет қайраткері «Едіге батыр туралы», «Қырымның қырық батыры», «Қарасай-Қази» эпостарында ғылыми еңбектерімде кеңінен қарастырдым.

– Қазақ пен ноғай халықтарының фольклорында қандай байланыстар бар?

– Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті мен Қарашай-Шеркеш мемлекеттік университеттері арасында қалыптасқан ғылыми-мәдени байланыс жыл өткен сайын артып келеді. Университет ректоры, профессор Абзал Ахатұлының шақыруымен келгеніме қуаныштымын. Қазақ-ноғай тарихи мәдениеті, ортағасырлық фольклорлық шығармаларындағы жанрлық, тілдік ұқсастықтарымыз анық байқалады. Бұл дегеніміз қазақ пен ноғайдың түбі бір халық екендігін аңғартады. Осы ретте арнаулы курстар өткізіп, ноғай фольклорлық шығармаларына талдау жасап, болашақ мамандарға бүгінгі ноғай филологиясынан толыққанды мағлұматтар беріп жатырмын. Ортағасырлық эпостық шығармаларды терең зерделеп, қазақ-ноғай тілдерін салыстырып, талдау жасау біздің басты мақсаттымыз.

– Қазақ ғылымына берер бағаңызды білсек...

– Қазақстанда ғылымның дамуына жан-жақты жағдай жасалған. Мемлекеттік деңгейдегі түрлі ғылыми жаңару жоспарлары өз нәтижесін беруде. Көптеген тарихи орындар зерттеліп, зерделенуде. Түрлі деңгейде ғылыми конференциялар, форумдар өткізіліп, өте маңызды тақырыптар қозғалып жатыр. Халықтың тарихи мен



мәдениеті бір орында тоқтап қалмау керек. Сондықтан, Қазақстан алыс, жақын шетел ғалымдарымен тығыз байланыс орнатып, болашақ ұрпақ үшін маңызды ғылыми зерттеулерді қолға алып жатыр.

Қазіргі таңда Ресейде 300 мың ноғай тұрып жатыр. Біздер көпсалалы ноғайтану ғылымын дамыту үстіндеміз. Себебі, фольклорлық туындылар, әдебиет пен тіл және ноғай тарихы әлі толық зерттеліп болған жоқ. Өткен жылы, Шеркеш қаласында Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. «XXI ғасырдағы ноғайлар. Тарих. Тіл. Мәдениет» деген тақырыпта өзекті баяндамалар жасалды. Осы үлкен басқосуда Қазақстаннан Б.Аяған, З.Самашев, Б.Нұрдаулетова сынды бір топ ғалымдар келіп өз зерттеулерін, ғылыми жаңалықтарымен бөлісті.

Жалпы, ғалым ретінде Қазақстан ғылымына көңілім толады.

– Насипхан Хусинқызы, студенттеріміздің білім деңгейі қалай екен?

– Маған өте ұнағаны – қазақстандық студент жастар өз ана тілінде сөйлейді, ұлттық төл мәдениетінің ортасында өздерін еркін сезінеді. Ұлттық қасиетін құрмет тұтады. Бұл Қазақстан мемлекетінің соңғы он жылдағы жетістігі деп білемін. Ал, бауырлас қазақ халқына экономикасы мен мәдениеті өркендеген мемлекет болуына тілектеспін. Ашық аспан астында бейбіт өмір тілеймін.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен Тұрғали Сатқанбаев,  
ҚР Журналистер Одағының мүшесі

## КІТАПХАНАШЫЛАР СЪЕЗИ

2018 жылғы 13-14 қыркүйек күндері Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында, Астана қаласының 20 жылдығын мерекелеу аясында «Кітапхана – қоғамның көпфункционалды, көпдеңгейлі әлеуметтік институты» атты Бүкілқазақстандық кітапханашылар съезіне қатысып келдім.

Съезге 182 қазақстандық делегаттар, 15 шетелдік қатысушылар, оның ішінде АҚШ, Түркия, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және т.б. мемлекеттер кітапханаларының жетекшілері мен мамандары, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, «Нұр Отан» партиясы, БҰҰ, ЮНЕСКО және басқа да үкіметтік, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың өкілдері, облыстық әмбебап ғылыми кітапханалардың, жоғары оқу орындары кітапханаларының мамандары қатысты.

Съезде республикадағы кітапхана саласының болашақтағы саясатын анықтайтын, жаңғыртатын және жаңаша серпін беретін маңызды мәселелер талқыланып, кітапхана саласын одан әрі дамыту стратегиясының негізгі басымдықтары айқындалды.

Бүкілқазақстандық кітапханашылар съезін ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Ж.Сейдүманов ашып, ҚР Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы Б.С.Әйтимова, белгілі ақын О.Сүлейменов, «Нұр Отан» партиясы төрағасының орынбасары, төраға кеңесшісі А.Шужеева, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Д.Әлиев, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры Ә.Д.Дербісәлі, Ресей мемлекеттік кітапханасының бас директоры В.В.Дуда, Беларусь Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры Р.С.Мотульский, АҚШ Конгресі кітапханасының түркі тілдерінің маманы М.И.Назарова барша қатысушыларды Кітапханашылар съезінің ашылуымен құттықтады.

Съезд шеңберінде: «Қазақстанның цифрландыру контекстіндегі



кітапханалар», «Еліміздегі кітапхана желісінің сапалы адами капиталды қалыптастырудағы және қоғамдық сананы жаңғыртудағы рөлі мен орны» тақырыбындағы пленарлық отырыс, «Қазақстандағы кітапхана саласын жаңғырту және дамыту мәселелері» атты дөңгелек үстел, «Заманауи кітапханалар: дәстүр

және жаңашылдық», «Тәрбие және білім беру»: кітапханалардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудағы рөлі, «Қалпына келтіру, консервация және түптеу қызметінің жұмыстарымен танысу», «Қазақстанның арнайы кітапханаларын сандық ортаға интеграциялау және заманауи форматта дамыту» тақырыптарындағы секциялық кездесулер ұйымдастырылды. Сондай-ақ кітапхана саласының жетекші шетелдік мамандарының қатысуымен «Кітапхана қорларын қалыптастыру, бірыңғай жіктеу, қазақстандық кітапханаларды каталогтау және авторитеттік файлдар» тақырыбында фокус-тренинг, шеберлік-сыныптары, тәжірибелік сабақтар, Астана және Ақмола облыстарының кітапхана қауымдастығымен мерекелік онлайн-кездесуі өткізілді.

Съезд аясында үздік кітапханашы мамандар марапатталып, Қазақстанның дәстүрлі әншілері Сұлушаш Нұрмағамбетова, Алма Аманжолова, Жетіген тобы, «Қуыршақ» театрының өнерпаздары және т.б. өнер көрсетті.

Зәуреш Ибраева,  
Ғылыми кітапхана директоры  
міндетін атқарушы

## МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚАЖЕТ ПЕ?!



Елімізде денсаулық сақтау саласының бағытын жақсарту мақсатымен «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» жүйесі енгізілді. Елбасымыздың Жолдауында көрініс тапқан бұл жүйенің қажеттілігі денсаулық сақтаудың шығындарын азайтып, қазіргі демографиялық үрдіс бойынша қартайған қоғам санатына қосылмау үшін, мемлекеттің мүмкіндіктерін арттырып, дамыған 30 елдің қатарына ену мақсатынан туындап отыр. Міндетті медициналық сақтандыру барша ұлт денсаулығына деген ортақ жауапкершілікті жүктейді.

Міндетті медициналық сақтандыру республика тұрғындарын жинақталған қордан қамтамасыз етеді. Сақтандыру жарнасын мемлекет, жұмыс беруші және әрбір азамат табыстары арқылы төлейді. Бұл ретте экономикалық белсенділігі төмен азаматтар үшін жарнаны мемлекет төлейтінін атап өту керек. Аталмыш қорға жарна төлеуден босатылатын тұрғындардың денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі 15 санатын белгілеп отыр. Оның ішінде он екісі – халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал тобы. Яғни, қорға салатын қаражаты жоқ, табыссыз жандарға мемлекет ақша төлейді. Мысалы, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, «Батыр ана» атағын алғандар, сонымен қатар, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналар мен Ұлы Отан соғысының ардагерлері және мүгедектерге мемлекет тарапынан төлемдер жасалады. Жұмыссыз жүкті әйелдер мен зейнеткерлер және жұмыссыз ретінде тіркелген, тағы басқа азаматтарға да жеңілдіктер қарастырылған. Азаматтар медициналық көмекті арнайы қорға жиналған қаражат есебінен ғана алады деген сөз. Қарапайым тілмен айтқанда: «Шама – шарқыңа қарай төле, көмекті қажетінше ал» дегенді ұғындырады.

Міндетті әлеуметтік

медициналық сақтандырудың қызметіне: амбулаторлық медициналық қызметтер (алғашқы көмек, консультация), стационарда емдеу, ауруханада емделу, хирургия, зертхана қызметі, рецент бойынша берілетін кейбір дәрі-дәрмектің түрлері және басқа да қызмет түрлері жатады.

2017 жылдың маусым айында басталуы керек бұл жүйенің жұмысы 2019 жылға қарай шегерілді. Қазіргі таңда түсіндіру жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Дегенмен қарапайым халыққа ақпараттың әлі де толық жеткізілмеуі себебінен кей тұрғындар бұл жүйеден шығынды қалмаймыз ба деп қорқатын көрінеді.

Бұл жөнінде №1 қалалық емхананың ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Индира Жексенғалиқызы: «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша тегін емдеу қызметтерін алуға мүмкіндігіңіз бар. Кей тұрғындар аталған жүйе бойынша қате түсінік қалыптастырып алған. Олардың ойынша, жалақыны аз тауып, қаражатты аз мөлшерде құятын болса, сол мөлшерде ғана тегін емделе алады деп ойлайды. Әрине, олай емес. Мысалы, біреу 300 мың жалақы алып, айына 30 мың теңге салады. Ал екіншісі 30 мың жалақы алып, 300 теңге ғана салады. Бірақ екеуі де бірдей емдеу қызметтерін пайдалана алады. Аз салым салған тұрғынның қаражаты белгілі бір операцияға жетпеуі мүмкін. Дегенмен ол тұрғынды емдеу үшін жалпы қордан қаржы алынады», – дейді. Сондай-ақ, дәрігерлер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін пайдалану арқылы денсаулық сақтау саласын дамытамыз, еңбек етуге қолайлы жағдай жасаймыз, үнемі өз денсаулығымызды бақылауда ұстаймыз деп отыр.

Ұлпан Тілеужан,  
Журналистика мамандығының  
3 курс студенті

## ITALIAN OPERA SINGER'S MASTER CLASS



Nowadays, at the department of «Music and Art» of Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University where I and my friends are studying, there are very interesting news and unforgettable days. During the month of October, Professor Santi Estefan Cristina Adriana, who was invited from the homeland of Italian opera are teaching us. Santi Estefan Christina Adriana is a professor at the Antonio Buzzollo Conservatory in Adria.

She is a great singer in the field of opera, who gives her own concerts in major countries such as Germany, France and Russia.

Lectures by Professor Christina are very impressive and very interesting to people. She teaches in details the lessons of vocal technique. And made her master-class more interested in accurate and explicit explanations, from the right breath to the sophisticated voice technique. This increased the

interest of students.

The professor teaches the technique of singing the Italian arias in modern style using new teaching methods. At the same time by taking into account the individuality of each she changes the exercises. The stage movement, breathing technique and other things are very entertaining and interesting.

Every day, students go to class with enthusiasm, carefully absorbing every advice. My friends, who were fortunate enough to be taught for one month from Professor Christina Santi, are especially grateful to the management of the university that organized this master class. For us it is a great honor and achievement.

We wish the professor to be healthy and success!

Department of «Music and Art»,  
Aigerim Zhaskairatova  
3rd course student

## «Серпінмен» бірге – серпілісті бастайық!

Биыл «Серпін» жалпы ұлттық қоғамдық жобасы жүзеге асып келе жатқанына 4 жыл толады. Осы уақыт ішінде 12 мыңнан астам студент жобаны пайдаланған. 9 мың 212 студент университеттерді, қалғаны кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерін таңдаған. Сондай-ақ, бағдарламаның басты ерекшелігі – студенттердің оқуды аяқтаған соң, жұмыспен қамтамасыз етіледі.

2014 жылы Елбасының тапсырмасымен «Мәңгілік Ел жастары – индустрияға» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын. Алайда, Маңғыстау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарының жастарынан небәрі 30 өтініш қана келіп түскен. Сол жылдары оңтүстік өңірдің жастарын оқыту үшін 1050, колледждерге 1000 грант бөлінген еді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында 2014 жылы «Серпін» әлеуметтік жобасы жасақталып, аталған бағдарламаны іске асыру нақты істермен атқарыла бастады.

«Серпін» жобасына қатысушылар тәуекелшіл, өзіне сенетін, білімді, білікті, алғыр азаматтар. Жоба грантын жеңіп алып, грантқа ие болғандардың 85% көп балалы, 83% әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары. Солардың бірі Барно Сайфоллаева: «Мен Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданындағы

№ 52 орта мектепті бітіріп, 2017 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Инновациялық білім беру факультетіне Бастауышта білім беру әдістемесі мамандығы бойынша оқуға түстім. Қазіргі таңда 2 курс студентімін. 2 жыл ішінде біраз нәрсені үйреніп қалдым. Университеттің білім беру жүйесіне көңілім толады. Студенттік кезеңімнің ең керемет шақтары жатақханада өтіп жатыр», – дейді серпіндік студент.

Бағдарлама бойынша 2017 жылдан бері қарай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне 82 талапкер оқуға түскен. Олар Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарынан келген. Жалпы университетке жоба аясында 100 білім гранты берілген. 2017 бастап жергілікті бюджеттен облысқа қажетті мамандар даярлау бойынша Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне 150 білім гранты бөлінді. Ал биылғы жылы Оңтүстік Қазақстаннан 161, Маңғыстау облысынан 30 студент қабылданып, өз мамандықтары бойынша білім алып жатыр.

Құндыз Меңдіғалиева,  
Айсәуле Ардақ  
Журналистика мамандығының  
3 курс студенттері

## №3 ЖАТАҚХАНА: СТУДЕНТТЕРГЕ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН



Елбасы Н.Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастама» бағдарламасы негізінде «ҚазТрансОйл» компаниясы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне 700 орындық жатақхана берген болатын. Аталған нысанға Елбасы ар-

найы келіп, студенттермен кездескен еді. Бүгінде студенттер үйінің тұрғындары, Елбасы бастамасымен берілген нысанның өте ыңғайлы әрі жайлы мекенге айналғандығын мақтанышпен айтады. Атыраудағы ең еңселі, әлі жайлы

жатақхана орналасқан, оқу үлгерімі үздік, тәртіпті студенттерінің бірі – журналистика мамандығының екінші курс студенті Толғанай Жұмагелдиева: «Атырауда бұрын соңды бұндай жобада студенттер үйі болмаған. Бұл жастарға жасалған үлкен қолдау деп білемін. Жатақханамыздың іші керемет жабдықталған. Тіптен, бассейн, жаттығу залы, моншасы да бар», – дейді студент. Ол «Бес әлеуметтік бастама» аясындағы жобалардың жүзеге асырылғаны және студент жастарға әрдайым қолдау көрсетіліп келе жатқаны үшін Елбасыға алғысы шексіз екендігін айтады.

Студенттер үйінің тұрғыны, болашақта эколог болуды мақсат еткен Наргиз Хайырболатова отбасында әлеуметтік жағдайы төмен атыраулық студенттердің жатақхана мәселесінің шешілгеніне риза. «Біздің жатақхана жеті қабаттан тұрады. Әрбір студент тамақтарын өздері дайындай

алады. Кір-қоңын да машинамен жуады. Сондай-ақ, мында жаттығу жасайтын залдан бөлек, керемет кітапханасы да бар», – дейді. Осындай жайлы студенттер үйінде тұрып жатқан шет тілі мамандығының 2 курс студенті Алина Еділ: «Әр бөлмеде төрт студенттен тұрамыз. Жеке сабақ оқитын бөлмеміз, әрқайсы бөлмеде тоңазытқыштар бар. Бізге ұнады, көңілімізден шықты. Жатақханамызды қонақ үй десек те болады», – дейді студент.

Елбасының әлеуметтік бастамалары негізінде өңірде студент жастарға шынайы қамқорлықтар жасалып жатыр. Атырауда 2020 жылға қарай облыстағы оқу орындарының қажеттілігін толық қамтамасыз ететін 1960 орындық 13 жатақхана салынбақ.

**Жаңылхан Рахымғали,**  
Журналистика мамандығының  
3 курс студенті

## БІЗДІҢ ЧЕМПИОН – МЕЙІРБЕК ТӨЛЕГЕНОВ

Оның таңдаған бағыты да, жүрген жолы да ешкімге ұқсай бермейді. Тағдырдың таңдамалы тамырынан тарағандай ныспысы да, арқалаған лепесі де болмысынан бөлек, тұлғасынан биік. Бейне бір қартаң тартқан кеуделерді жеңісіне деген жігер күшімен жібіткендей көрінеді маған. Тарихтың ақтаңдақ беттерін аршып алғандай толғанысы бөлек, намысы өр, қайсарлығы басым. Өткенін тасқа қашаған, туған жер топырағының киесіне тартқан тарландардың тұяғы дер едім. Ол аласармас Алатаудың биіктігіндей абырой мен арманды арқалаған Атыраудың төл перзенті Мейірбек Төлегенов.

Қаршадайынан өзіндік қызығушылығымен спорттық бағытқа тетелес өскен достарымен табан тірейді. Кейін Атырау аграрлы-техникалық колледжінің қабырғасында жүріп түрлі жарыстарда бақ сынады. Оның айтуынша, спорттық бәсекеде бой көрсету ойында болмаған. Өзінің ерік жігерін шыңдау, сондай-ақ, тәжірибе жүзінде үйреніп білу мақсатында келген-ді. Осылайша жеңістің желкені оны Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне жетеледі. Дәл осы жоғарғы оқу ордасында жүріп, ережесіз жекпе-жектің сан-саласына қатысып, Тараз қаласында өткен «Панкратион бойынша балалар, жасөспірімдер, кадеттер, жастар мен ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының кубогінен» I орын, «Жекпе-жек ұлттық өнер» спорт түрінен ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында және Атырау қаласында өткен грепплинг күресінен жеңімпаз атанады. Панкратион – элит бойынша Қазақстан Республикасының чемпионатында II орын және жекпе-жектен Тұңғыш әлем чемпионатында қола жүлдені иеленді. 2018 жылы Қызылорда қаласында Омар Сейтпенбекұлын еске алуға арналған Панкратион бәсекесінде жеңіс тұғырынан көрініп, қараша айында өтетін Ресей мен Беларусь еліндегі



әлем чемпионатына жолдама алды. Болмысы бөлек жеңімпазға алғашқы жаттықтырушы Дидар Артур болса, жекпе-жектен қазіргі бапкері Райымбек Дүйсенов. Қазақстанның панкратион, грепплинг және ММА федерациясының президенті Сағындық Мекеевтің жарысқа шығарған байрақты бәсекесінде украиндық, ирландиялық әлем чемпиондарымен қарсылас та болып үлгерген.

Халықаралық аренада топ жарып әлем чемпионы атану, елдің атын шығарып байрағын көтеру жас спортшының басты арманы, межелі мақсаты. Ол тәуекелділік пен төзімділікке баулитын жекпе-жекте өз атын қашап жазатын спортшының бірі болмақ. Жанына жақын Хабиб Нұрмағамбетовті үлгі тұта жүріп, өзі де ізіндегі саны он бес – жиырманы құрайтын жас буынды жаттықтыру үстінде.

**Ақтілек Абайқызы**  
Журналистика  
мамандығының студенті

## ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ОҚУЛЫҚ



Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында еліміздегі гуманитарлық білім сапасын халықаралық дәрежеге дейін көтеруді атап көрсеткен еді. Әлемдегі ең дамыған алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында оқытылып жатқан оқулықтардың қазақ тіліне аударылуы ұлт болашағы үшін жасалған игі қадамдардың бірі.

Осы мақаланың аясында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті студенттеріне аталған 100 оқулықтың қазақшаға аударылған алғашқы 17-сі оқытылып жатыр. Осылардың ішінде «Тіл біліміне кіріспе» оқулығы осы сала мамандығын таңдаған студенттерді ғылыми тұрғыдан терең байытып, кең мағлұматтар алуына мүмкіндіктер берді. Оқулық авторлары Виктория Фромкин, Нина Хайамс, Роберт Родман сынды әлемнің үздік авторлары.

«Тіл біліміне кіріспе» оқулығы дүниежүзі тілдерінің классификациялық жүйесі тұрғысынан жазылған және лингвистика білімі, фонетика, лексика, грамматика, экстралингвистика салалары соның ішінде, тілдік

өзгеріс, тілді меңгеру, жазба тілдің негіздері, тіл және адам миы, тілдің компьютерде өңделуі сынды 12 тараудан тұрады. Уақыт кезеңдеріне сай белгілі бір тілдің өлі тілге айналуы немесе дүниежүзі тілдеріндегі өзгерістер сынды мәселелерді қамтыған. Адамзат баласы тарихынан сыр шертетін пиктограммалық және идеограммалық сына жазуларынан бастап, қазіргі жазу жүйелері туралы үлкен мәліметтер берілген.

Қазақ тіл білімінде осы сала бойынша, құнды зерттеулер жасаған Кәкен Аханов, Ісмет Кеңесбаев, Ғайнетден Мұсабаев сынды ғалымдардың іргелі еңбектерін оқып келгенбіз. Енді студенттер бұл пәнді жалпылама дүниежүзі тілі заңдылықтары тұрғысынан меңгермек. Бұл оқулықтың қазақ тіліне аударылуы еліміздегі барлық оқу орындарындағы филология мамандығының студенттеріне аталған еңбектерді ана тілінде оқып, түсінуіне мүмкіндік береді. Бұл мемлекетіміздің жастары үшін жасаған үлкен қамқорлығы деп білеміз.

**Заманбек Шакиров,**  
Филология мамандығының  
3-курс студенті

## «ӘКЕДЕН ҚАЛҒАН АМАНАТ»

Бұл жас ақын, өз заманда-сым Еркебұлан Зинеденовтің төл туындыларының басын біріктірген алғашқы жыр жинағының атауы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, айналасы тегіс келген ғажап өлеңдердің топтамасы өз оқырмандарына жақында жол тартты. Жинақ Астана қаласы, «Ақ Жайық» баспасынан таралымы 500 дана боп жарық көрді. Өлеңге жастайынан құмартқан жас ақынның шығармашылығымен әу бастан танысып. Айталық, кітап: «Жайың жүрегімнің ақ қанатын», «Өлеңменен өрнек салам жалғанға», «Ақындық кейде бақыт...кейде қайғы...» аталымымен үш мазмұнға топтастырылған. Даладай дархандық та, қарттай көрегенді даналық та, баладай аңғалдық та сыйып тұрған тұма жырлардың жиынтығына алғы сөзде «Аққу шабыт тіліңнен, Өршіл өлең төгілсін» деп Күнтуған Құрасов өз лебізін былайша білдіреді:

«Әуел баста балғын жырлары балалықтың шалалығы аралас шатпақтар тәрізді балаң болғанымен, жылдар өте келе салмақтанып, байсалданды. Басында әке, туған жер, ана, отбасы, әулет тақырыбына қалам сілтеген Еркебұлан араға уақыттар салып тақырыптар аясын кеңейтіп, бүгінде Забурыннан түлеп ұшқан талапты да талантты керімсал ұлға айналды. Болашақ мамандығын да осы шығармашылығымен байланыстырып, журналистикаға табан тіреді».

Күрең кітаптың ішкі әсемделуі әсерлі, өлеңдердің орналасу тәртібі ерекше. Мысалы, көп ақын жинақтарында өлеңдерді бөліп, әр бөлімге атау бергенімен, айтылар ойдың негізіне тоқтала бермейді. Ал жас қаламгер бұл тұста осыған басты назар аударған. Толығырақ айтсам, бірінші бөлім «Жайың жүрегімнің ақ қанатын» ал негізгі ойдың атауы «Батаңды бер

Әкешім, өз ұлыңа, Жыр жолына тұғырлы көш бастадым!».

*Осы тақырыптағы бір өлеңге тоқталсақ:  
Емделмес жаным, өтсе де ғасыр жүз кейін,  
Ауыртқан жанды қайғылы қоңыр күз деймін.  
Келместей, әке, болсаң да қайтып жаным,  
Келердей күтім, үмітті мүлде үзбеймін...*

Осыдан-ақ оқырманды еріксіз баурап алады. Әкеге деген сағыныш пен сақтаған антының беріктігі жатыр. Анаға деген ақтаңдақ жырдың бастау аларында, «Өмірде алып туар, ғарип туар, Ана ғана өз ұлын жарық қылар!» деп әспеттейді. Өлеңінде: *Анашым, қартаймашы, өтінемін, Қатты-қатты келеді еркелегім. Әкемді алып кеткен сұм ажалды Мәңгі бақи өмірде жек көремін!*

*Сіздің мейірім – мен үшін алтын, жақұт  
Сіздің күлкі – мен үшін үлкен бақыт.  
Күн сайын алаңдаймын,  
жан анашым,*

Амандықты тілеймін ұйықтап жатып – дейді. Рас, анаға деген өлшеусіз сезім жатыр. Дегенмен, кейінгі шумаққа алдыңғы шумақ етене байланысып тұрған жоқ. Бунақ сандары сәйкес келмеген тұстар да бар екенін аңғаруға болады. «Сіздің мейірім», «Сіздің күлкі» деген сөз өз алдына мағынаға ие емес. «Күлкіңіз», «Мейіріміңіз» деп немесе мағыналас өзге сөзбен алмастырса нұр үстіне нұр болмақ.

Ал «Отбасым, от денемнің бір мүшесі, бірі өмше өзегім өртенеді» деп аталған тұста жақындарына деген жалынды, жылы жырларын оқимыз.

Екінші бөлім «Өлеңменен өрнек салам жалғанға...». мұндағы тарау «Сезім сенім, ұштасқан қос мағына, Жырларыма сыйлай



білген шабытын» деп аталған.

Үшінші бөлімде «Ақындық кейде бақыт, кейде қайғы...». Бұл «Өлең менсіз ғұмыр кешер бірақта, мен өлеңсіз сүре алмаймын өмірді» деген негізбен басталған соң кіршіксіз, келбетті өлеңдерін жинақтаған.

Көп ақынның сағын сындыратын тұстар да бар. Ол бақталастық немесе өзегінді жарып шыққан өлеңді менсінбеушілік пен өнерге деген қарсылық. Оны Еркебұлан өз өлеңінде былайша дөп басып көрсеткен екен:

*Бекем қылып бусам да мың белімді,  
Жанымды кеп жегі құрттар кемірді.  
Өнер үшін шыдаймын ғой тістемің,  
Мен өлеңсіз сүре алмаймын өмірді.  
Сондай-ақ,  
Ол мен үшін шың мен тауға тең саты,  
Өмірімнің жазылатын әр сәті.  
Өлеңімнің докумені түп-түгел,*

Алла басқан өнерімнің печаты! – дейді.

Иә, өмірінің әр сәтін өлеңге айналдырған ақынның жарқын сәттерінің көрінісін жинақтағы суреттерден де аңғаруға болады. Тағдырына бекітілген өлеңдерінің көпшілігі өзектен жарып шыққан от жырлар. Маңдайына ақын болу бұйырған жас ақын күнделікті тұрмыстағы сөздерді өз орнымен, құбылтып, өзгеше жеткізеді. Бұл да қайталамасы жоқ өнер. Ақын дәл осы тұсымен ерекше. Талай байрақты бәсекеде бағы жанып, жеңіс тұғырынан көріне білген Еркебұланға том-том кітаптары әлі де жарық көретініне сенімдімін! Әке аманатын арқалаған арынды ұлға шығармашылық табыстар тілеймін.

Ақтілек Абайқызы, ақын,  
Журналистика мамандығының  
3 курс студенті

## ҰСТАЗ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Қазақта «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген ұлағатты сөз бар. Көргені көп ұстаздан тәлім алсаң, өмірде жолыңның оңғарылғаны. Әсіресе, институт қабырғасын жаңа бітірген жас маман үшін өте маңызды. Міне, осындай кезде өзінің білімімен, адамгершілігімен жастарға үлгі болған ұстаздардың бірі – Тамара Мұқанқызы болатын. Институт қабырғасындағы шәкірттеріне таңдап алған мамандығын сүйеге, кәсібінің қыр-сырын терең меңгеруге үйретумен қатар, ол жас маманның бойына еңбексүйгіштік, ізденгіштік қасиеттерді сіңіріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулыды. Тамара апайым ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуде өз үлесін қосқан үлкен әріпті ұстаз, зерделі де зерек, парасатты жан. Т.М.Суингаринаның көп жылғы еңбек тәжірибесінің нәтижелері оқу-әдістемелік құралдарын «Музыкалық білім» мамандығы студенттерімен қатар мектеп мұғалімдері де пайдаланып келеді. Оның шәкірттері көптеген облыстық, аймақтық, республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері.

Ия, бұл шәкірттерінің



жетістіктерінің әрқайсысында Тамара Мұқанқызының ұстаздық еңбегінің іздері жатыр.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,  
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,  
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,  
Азбайтұғын адамның алтындығы – деп ақын Ф.Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, үні ән Тамара Мұқанқызы сынды ұстаздан білім алғанымды әлі күнге дейін мақтан етемін. Осы педагогтар жайында халқымыздың батыр ұлы Бауыр-

жан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген. Алдағы уақытта да Тамара Мұқанқызының алдынан талай білікті түлектердің өтетіні сөзсіз.

Киелі оқу ордасы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік

университетінде отыз жылдан аса адал еңбек етіп келе жатқан құрметті ұстазымды мерейлі 60 жасымен құттықтаймын! Сүйген ісімен айналысуда зор денсаулық, шығармашылық табыстар және ұрпақ қызығын көруге ұзақ өмір тілеймін!

Ляйла Омарова,  
ҚР Мәдениет саласының үздігі,  
Ақтөбе облыстық халық  
шығармашылығы  
орталығының директоры



## ОТ ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ – К ПОНИМАНИЮ И УЛУЧШЕНИЮ

По заказу Департамента внутренней политики Акимата Атырауской области Региональным научным центром социологических исследований при Атырауском Государственном Университете (АГУ) им.Х.Досмухамедова проводятся ежеквартальные социологические опросы среди населения города Атырау и Атырауской области с охватом в 1000 респондентов по шести направлениям.

Составлены программа социологического исследования и анкеты по шести направлениям. Определена выборка социологического исследования с учетом распределения населения по критериям: половому признаку, возрастному признаку, этническому составу, образованию, социально-профессиональному составу, селу, району/ городу.

В целях повышения уровня социологических исследований, обучения интервьюеров для проведения полевых работ социологического исследования, обучения методике и технике ввода первичной информации в базу данных (работа с программой SPSS) привлечены высококвалифицированные специалисты из Российской Федерации.

Сейчас, в штате Центра социологических исследований состоят социологи – практики со знанием специфики актуальных проблем, социального самочувствия населения и других особенностей исследуемого региона:

Калибеков Женис Токтарбекович – аналитик МИД РК в направлении РФ, КНДР, Северная Корея, Юго-Восточная Азия, Монголия;

Миронова Юлия Германовна – одна из авторов разработанной информационной системы «Социологический опрос». Свидетельство о государственной регистрации №2010615653, 01.09.2010 г.

Работала на бизнес-тренинге «Предпринимательство – инновационное искусство. Поиск идей для кластерных проектов», Астраханский государственный университет, 2012 г. Провела обучение по программам «Семья и гендер: теоретические и эмпирические исследования» (2012 г.), «Основы теории объектных отношений» (2014 г.), «Современные проблемы социогуманитарного знания: философия, политология, культурология, социология» (2014 г.), «Стратегические карты» (2015 г.).

Заведующий кафедрой социологии Астраханского государственного университета. Ведет такие дисциплины как «Организация и проведение научно-исследовательского проекта», «Демография», «Основы социологии», «Современные демографические процессы», «Научно-исследовательский семинар», «Инвайронментальная социология». Имеет научные публикации по социально-демографическим процессам, социологии семьи:

Григорьев Александр Владимирович – доцент кафедры социологии Астраханского государственного университета. Ведет такие дисциплины как «Методы конкретных социологических исследований», «Социологические исследования», «Социология», «Теория глобализации», «Политическая социология», «Этносоциология».

Принимал участие в проектах: «Межэтническая напряженность в отношениях россия и поляков: польский аспект проблемы» (2014 г.), «Негативный образ российской власти в польском общественном мнении как фактор существования межэтнической напряженности» (2014 г.), «Роль прессы в формировании польского общественного мнения относительно российско-

польских межгосударственных отношений» (2013 г.). Имеет научные публикации по этносоциологии;

Рогов Александр Владимирович – Главный специалист Центра социологических исследований, ассистент кафедры «Социология» Астраханского государственного университета. Прошел обучение по программам «Когнитивная психология» (2016 г.), «Основы теории объектных отношений» (2016 г.), «Поток: психология оптимального переживания» (2017 г.), «Организационная психология» (2017 г.). Имеет научные публикации по социально-экономическим отношениям;

Мусаева Айман Амангельдиевна – Директор департамента науки Атырауского государственного университета им.Х.Досмухамедова, кандидат экономических наук.

Основными направлениями ежеквартальных социологических опросов РНЦСИ являются:

1. Проведение социологических исследований, направленных на диагностику и прогнозирование общественно – политической ситуации в регионе. Основными задачами РНЦСИ является всестороннее изучение и анализ внутриполитических процессов, состояние общественного мнения в регионе, электоральных настроений граждан и работы государственных органов в интересах местного населения по всем доступным каналам. Беспристрастное и детальное изучение, обобщение, анализ и прогнозирование происходящих в регионе общественно-политических процессов и тенденций их развития путем опроса наиболее грамотных, коммуникабельных и образованных граждан среди местного населения. При исследовании особое внимание обращается на важнейшие политические события, на изменение ситуации в общественно-политической сфере, на очаги социальной напряженности.

2. Проведение мониторинга общественного мнения на предмет восприятия основных приоритетов ежегодных Посланий Президента РК народу Казахстана. В этом контексте РНЦСИ, принимая во внимание стратегические компоненты ежегодных Посланий Президента РК народу Казахстана, и учитывая, что сегодня мир вступает в эпоху Четвертой промышленной революции, эру глубоких и стремительных изменений: технологических, экономических и социальных, обращает внимание на то, что новый технологический уклад кардинально меняет то, как мы работаем, реализуем свои гражданские права, воспитываем детей. В этой связи, РНЦСИ обратил внимание насколько информированы, знакомы, правдиво ли восприняты и поняты населением Атырауской области основные стратегические цели и важнейшие компоненты Посланий Президента Н.Назарбаева. А также, как работают государственные органы Атырауской области относительно информирования, толкования и доведения до массового сознания Посланий Президента народу Казахстана.

3. Проведение социологических исследований на предмет выявления актуальных проблемных вопросов регионов области (в разрезе сельских округов, районов, городов). При исследовании данного вопроса, анализа и прогнозирования актуальных проблем в Атырауской области РНЦСИ изначально ставит цель проведения разного рода мероприятий с выездом в отдаленные районы региона и личное общение с местным населением, проведение социального опроса с участием наиболее

грамотных, коммуникабельных и образованных граждан.

4. Проведение социологических исследований, направленных на определение уровня антикоррупционной культуры и нетерпимости к коррупции у населения.

Антикоррупционная стратегия РК является программным документом, в котором определены новые акценты противодействия коррупции – превенция и, прежде всего, искоренение причин и условий для ее проявления в разных сферах жизни государства и общества. Она предусматривает разработку и реализацию комплекса мер против коррупции, как в органах государственной власти, так и в частном секторе, а также формирование нетерпимого отношения казахстанских граждан к ней. В этой связи, РНЦСИ в целях определения уровня удовлетворенности населения качеством оказания государственных услуг, уровня доверия общества институтам государственной власти, центральным государственным органам, местным исполнительным органам проводит трудоемкий социологический опрос населения.

5. Организация постоянного социального мониторинга для определения уровня информированности населения Атырауской области и степени восприятия программы модернизации общественного сознания.

Учитывая то, что в соответствии с планом мероприятий по реализации Программы модернизации общественного сознания за Канцелярией Премьер-министра закреплено 10 пунктов. В целях своевременного исполнения всех поставленных задач проведена совместная работа с соответствующими госорганами. Разработано предложение по концептуальным подходам к реализации специальных проектов, сформирован событийный ряд кампаний по продвижению и осуществлению модернизации. Проработан с заинтересованными госорганами и вопрос финансового обеспечения программы модернизации общественного сознания, в том числе с учетом реализации шести заложенных в нее специальных проектов. Правительством проводится конкретная работа по реализации программы модернизации общественного сознания и один из важных факторов – вопросы финансирования. В настоящее время имеется текущее финансирование около миллиарда тенге – это деньги, которые уже сейчас имеются на счетах государственных органов. Кроме того, начиная с осени 2017 года Правительством предусматривается дополнительное выделение порядка 4 миллиардов тенге. В общем объеме до 2020 года включительно финансирование будет составлять ориентировочно около 54 миллиардов тенге, которые позволят полностью обеспечить средствами реализацию задач, заложенных в программе модернизации общественного сознания. В этой связи, исследование сосредоточило свое внимание, как и насколько эффективно и целенаправленно работают государственные органы в реализации вышеуказанных целей государственной важности.

6. Проведение общественного мониторинга качества оказания государственных услуг. В настоящее время особо актуальны и социально значимы вопросы, связанные с повышением эффективности деятельности государственных органов по качественному оказанию государственных услуг. Формирование и реализация государ-

ственного социального заказа по проведению общественного мониторинга качества оказания государственных услуг проводится в соответствии с Законом «О государственных услугах». Понятие «Оценка качества оказания государственных услуг» определено в Законе Республики Казахстан «О государственных услугах» от 15 апреля 2013 года № 88-V. Оценка качества оказания государственных услуг – это деятельность по определению эффективности мер по обеспечению услугополучателей доступными и качественными государственными услугами, оказываемыми центральными государственными органами, местными исполнительными органами областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного значения, акимами районов в городе, городов районного значения, поселков, сел, сельских округов.

Именно поэтому РНЦСИ считает, что одним из важнейших инструментов повышения качества оказания государственных услуг является контроль их оказания. В связи с чем, ставит перед собой цель проведения общественного мониторинга по всем населенным пунктам области ежеквартально. Так как данное мероприятие является очень важным показателем определения уровня удовлетворенности услугополучателей качеством, доступностью и процедурами порядка оказания госуслуг, оказываемых услугодателями, а также выявление проблемных вопросов при их оказании.

РНЦСИ также считает, что важным аспектом повышения качества оказания государственных услуг является общественный мониторинг, обращение к мнению потребителей с целью выяснения уровня удовлетворенности граждан качеством оказания государственных услуг, определения проблем и поиска путей их решения. Поэтому главной своей целью в исследовании указанного вопроса РНЦСИ рассматривает тесное сотрудничество с местным населением.

Так как вопросы дальнейшего улучшения качества оказания государственных услуг с учетом замечаний услугополучателей занимают важное место в работе государственных органов, РНЦСИ ставит перед собой принципиальную цель проводить общественные опросы на основе принципа демократии, которые дают возможность гражданам открыто выражать свое положительное или отрицательное отношение к оказанным услугам, тем самым получить возможность дать реальную оценку работе государственных органов.

Для отражения информации о деятельности Регионального научного центра социологических исследований созданы специальные страницы в социальных сетях Facebook (РНЦ социологических исследований), Instagram (rncsi2018), на которых периодически будет размещаться информация о проделанной работе.

На данное время ведется третий этап социологического опроса. Создана электронная форма анкеты в Google Forms, посредством которой планируется облегчить процесс анкетирования. Принимайте активное участие в анкетировании!

Директор Регионального  
научного центра  
социологических исследований  
Калибеков Женис Токтарбекович,  
Директор Департамента науки  
Мусаева Айман Амангельдиевна

## «ЖЕРІНЕ ИЕ БОЛМАСА, ЕЛ БАЛАСЫ БОЛА МА?»



Рухани жаңғыру елдің ұлттық түп-тамырынан басталуы қажет. Бұл ретте Елбасының алға қойған мақсат-міндеттерін іске асыруда бүкіл шығармасын Атырау топырағын дәріптеуге, оның географиялық атауларын жан-жақты танытуға арнаған Мұрат Мөңкеұлының мұрасынан айналып өту мүмкін емес. Осы тұрғыда жыраудың туғанына 175 жыл толуына арналған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өткен «Мұрат Мөңкеұлының мұрасы және туған жер идеясы» республикалық ғылыми-теориялық конференциясында белгілі зерттеуші ғалымдар бас қосты. Ақынның тарихи тұлғасын айқындауда тың пайымдар айтылып, жаңаша көзқарастар ұсынылды. Мұрат Мөңкеұлының шығармаларындағы туған жер идеясы заман талабы биігінен қайта зерделенген баяндамалар тыңдалды.

**Сейіт ҚАСҚАБАСОВ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:**

**ҮШТАҒАНДЫҚ ТҮТАСТЫҚТЫ ЖЫРЛАҒАН...**

– Ақын қазақ халқының бес-алты ғасырлық тарихын асқан шеберлікпен суреттеп, баяндайды. Оның жырларындағы тарихи оқиғалар мен тұлғалар, жер, су, қоныс, жайылым, өріс, құдық аттары – әлі күнге дейін игерусіз жатқан асыл мұра. Мұрат шығармаларында 150-ге жуық жер, су, қала аттары, 300-дің үстінде адам есімдері кездеседі. Сол замандағы ащы шындықты бейнелеген кеңістігі де әр алуан. Бірқатар туындылары Ресей империясының отарлау саясатына қарсы бағытталды.

Ақын мұрасын жан-жақты зерттегенде оның шығармашылығында «үш» санымен өрнектелген тіркестер көп. Мәселен, басты шығармасы – атақты «Үш қиян» толғауы десек, мұнда туған жер ұғымы «Еділдің бойы – қанды қиян, Жайықтың бойы майлы қиян, Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян», – деп үштағандық тұтастық арқылы аңғартылады. Ол ел мен жердің ахуалына үш тұғырдың үйлесімі арқылы зер салады.

**Ғарифолла ЕСІМ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық**

**университетінің философия кафедрасының меңгерушісі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы:**

**ТҮП-ТАМЫРДАН ЖАҢҒЫРУ ҚАЖЕТ**

– Қай халықтың тағдыры да, тарихы да мұңға толы. Бүгінгілерге, алдағыларға ғибрат, сабақ болатын қазақ халқының да тағдыры, тарихы бар. Біз өткеннен өріс алған халықпыз. Енді өткеннен сабақ алатын халық болуымыз керек. Өкініштісі, осы сана-сезім-түйсік әлі де бесікке бөленіп, өрістей алмай жатқаны шындық. Демек, бізге рухани жаңғыруды жалаң ұранға айналдырмай, әлі де айтарлықтай тер төгуіміз қажет. Бұл ретте Мұрат Мөңкеұлының мұрасына үңілу – тамырдан жаңғыру деген сөз.

Тарихқа үңілсек, қазақтың ата қонысынан шұбыра көшкені – Дулат ақынға да, Бұқар жырауға да, Мұрат жырауға да, хакім Абайға да ортақ тақырып. Мұрат пен Абай заманы бір, зары бір, мұндас ойшылдар. Екеуіне де ортақ ұғым – заман. Олардың ғұмыр кешкен заманы – қилы заман... Бұл сарындарды біз Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиянынан» табамыз. Ендеше, Мұрат жыраудың осынау толғауын мектептерде міндетті түрде оқыту қажет. Оқушылар арасында «Үш қиянды» жатқа айтатын байқаулар ұйымдастыру керек. Оны домбырамен айтылған толғау ретінде музыкалық әдеби-мәдени байқау өткізу керек. Жыл сайын Қазақстанның барлық оқу орындарында ретіне қарай Мұрат Мөңкеұлының оқуларын өткізу дәстүрлі іс-шараға айналғаны жөн.

**Ғарифолла ӘНЕС, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті, «Арыс» қорының директоры, филология ғылымдарының докторы:**

**ҰЛТТЫҚ КОДТЫ АША ТҮССЕК...**

– Ақын еңбегіндегі ұлттық кодты әлі де аша түсу керек. Сондай-ақ, тарихтағы барлық ақын жыр-толғаулары домбыра әуенімен халық арасына тараған. Сол кездері домбырасыз еш жыр айтылмаған. Сондықтан, Мұрат мұрасын музыкамен байланыстыра зерттеу қажет. Өйткені, музыкада батыстық дәстүр деген термин қалыптасты. Маңғыстаудан бастап Қызылорданың жеріне дейін болған оқиғалардың са-

рыны бұл. Бізге сол кездегі музыкадан бұрын жорық жырлары бірінші жетті. Ал, музыка халық жадында сақтала бермейді. Сондықтан, рух, намыс, ел, жер үшін күреске бастаған әуендерді ғылыми-зерттеу қажет. Бұл оқу орнында қолға алынса құба-құп.

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы:**

**ШЕЖІРЕЛІ АҚЫН**

– «Алаш» ұғымы мен Мұраттың мұрасын бөлек қарауға болмайды. Халел Досмұхамедұлының «...Әрбір жастың ойы тарихпен байлаулы болуы керек. Әр жастың ойы намыспен байлаулы болуы керек» дегені бәрімізге ой салуы тиіс. Осы тұрғыда Ұлттық қауіпсіздік архивінен табылған құжаттағы жазба туралы айтқым келді. Біз 1990 жылдары ғылыми айналымға түсірген бұл бағдарлам болған құжатта Мұрат Мөңкеұлының есімі аталады. «Шынында қазақ әдебиеті болған, хәм бар. Қазақ өмірінің түрлі өзгерісі, мөрі, қыры, қайғысы, қуанышы, ойы, қиялы әдебиетіне түсіп отырған. Кешегі Мұрат, Махамбет, Шортанбай, Ақан сері секілді ақындардың елдің мұңын, зарын жырлай білген шын ақындар екені анық. Олар қазақ даласына бет алған еуропаның, орыстың отаршылдығын көріп бірінші уланған ерлері...

Бұл сөздер кейін Мұрат Мөңкеұлының алғашқы жинағына алғысөз жазған кезде немесе халықты мұраттануға қарай бейімдеген кезде Халелдің айтқан ойларымен үндеседі. Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат Мөңкеұлы секілді ақындардың сөзін елеусіз қалдыра алмайды. Мұрат – бір жағынан өткенді білген шежіре болса, екінші жағынан халықтың мұңын, елдің зарын айтатын әлеуметшіл ақын.

**Бауыржан ОМАРОВ, Қазақстан Республикасы Президенті баспасөз хатшысының орынбасары, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы:**

**ЕЛ МЕН ЖЕР МҰҢЫ**

– Мұрат Мөңкеұлының мұрасын салмақтап-саралаған кезде бірқатар ерекшелікті байқаймыз. Оның

барлық өлең-толғауларына, айттыстары мен арнау өлеңдеріне, термелері мен жырларына ел мен жер тақырыбы арқау болды. Мұрат шығармалары дегеніміз – туған өлкенің шежіресі, Атыраудың энциклопедиясы, әрі Жайық жағасындағы елді мекендердің ономастикалық бет-бейнесі. Мұрат Мөңкеұлының шығармалары әр жылдарда бүгінгі қазақ жерінен тысқары қалаларда жарық көрді. Мәселен, 1978 жылы «Үш қиян» толғауының аудармасын Ленинград қаласынан шыққан «Поэты Казахстана» атты антологияға енді. Өз жерімізде басуға тиым салған Мұрат жырлары кеңестік дәуірде-ақ түндер қаласында асқақтап тұрды. Америкалық ғалымдар да оның толғауларын талдай отырып, «Мұрат тығырықтан шығар жол іздеп, «замананы қалай жөнге келтіреміз?» деген сауалға жауап таппай қиналды» деп қазақ әдебиетінде бірнеше рет айтылған дәстүрлі қорытындыға келеді. Ең бастысы, ағылшын ғалымы Томас Виннер зар заман әдебиетінің табиғатын таниды, әлеуметтік-тарихи себептеріне үңіледі, халық тағдырымен тамырластығына назар аударады. Бұл зерттеу осынысымен де биік тұрады.

**Абзал ТАЛТЕНОВ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры:**

**ТАРИХ ТАМЫРЫНА ҮҢІЛСЕК...**

– Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бүгінде тарихитанымдық ой-тұжырымдар жасауға кеңінен ықпал етуде. ХХІ ғасырдағы ұлттық сана тарихи өткен жолымызды саралап, болашақты болжауға, қазақстандық даму жолын нық жүргізуге іргетас болуы қажет. Мемлекет басшысы айтқандай, туған жердің ауқымы ұлғая келе, туған ел идеясына ұласады. Ал, оның тарихи тамырынан нәр алу – шынайы патриотизмнің көрінісі. Демек, бізге рухани жаңғыру жолында Мұрат ақынның мұрасына терең үңілу аса маңызды.

**Сайфулла САПАНОВ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы:**

Мұрат мұрасы мәңгілік

– Мұрат Мөңкеұлы – қазақ әдебиетінде шығармалары қайшылыққа толы күрделі тұлға саналған ақындардың бірі. Оның шығармаларын алғаш зерттеген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ демократы, профессор, Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі жетекшілерінің бірі Халел Досмұхамедов болды. Яғни, Халел – алғашқы мұраттанушы. Ол Мұрат шығармаларын сараптай отырып, оның мемлекетшілдігін, халықшылдығын бірінші орынға қояды. Зерттеуші Халел «...Он жеті жасында Жылқышы деген ақынмен айтқан сөзінде Мұрат: «Жігіттің халыққа тигізген пайдасын айт, сырғия ұрыны айтып неге керек?» дейді. Өмір бойы өлгенінше Мұрат осы ұранды айтып кетті десе болады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ақынның шығармашылығын ғылыми зерттеуде мұраттанушылардың жаңа толқындары қалыптасты. Олардың зерттеулері нәтижесінде Мұраттың ақындық сапары әлі де ұзақ болары сөзсіз.

**Алтыншаш ҚҰРМАШЕВА**  
atr.kz сайты

## КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ VI УНИВЕРСИАДАСЫ



Каспий маңы елдері университеттері студенттерінің VI универсиадасы жоғары деңгейде өтті. Шара барысында журналистика мамандығында оқитын студенттерден жасақталған волонтерлық топ жұмыс жасады. Осы орайда, универсиадаға қатысушы қонақтармен болған арнайы сұхбаттарды назарларыңызға ұсынамыз. Сонымен қатар, шарадан фото суреттерді тамашалаңыздар.

«Балықшы» спорт кешенінде үстел теннисінен өткен тартысты доғада шетелден келген спортшылар қатысты. Сайыс барысында Иран Ислам республикасынан келген үстел теннисінен жарысқа қатысқан Сара Асади есімді спортшыға бірнеше сауал қойған едік.

– Қазақстанға келгендегі алғашқы әсеріңіз қандай?

– Алғашқы әсерім керемет. Бұрындары Қазақстанға келіп көрмегендіктен бұл мен үшін әсерлі болды. Барлығы да жоғары дәрежеде өтті. Қызмет көрсету сапасы көңілімнен шықты. Атырау қаласы маған қатты ұнады. Көрікті, дамыған қала екені рас.

– Теннис спорт түрімен айналысып келе жатқаныңызға қанша уақыт болды?

– Менің тенниспен айналысқаным 9 жыл болды. 13 жасымнан бері айналысып келе жатырмын. Бұл спорт түрі балалық шағым мен ересек өмірімді байланыстыратын көпір секілді. Көптеген естеліктерімен жарқын сәттер спортпен байланысты.

– Иранда қандай спорт түрі жоғары деңгейде дамыған?

– Біздің елде волейбол, баскетбол, гандбол, бокс, каратэ, дзюдо спорт түрлері жақсы дамыған. Ойыншыларға деген жағдай жасау дәрежесі де керемет.

– Рахмет!

– Анна Александровна, сіз Қазақстанға келгендегі алғашқы әсеріңіз қандай болды?

– Алғашқы әсеріміз өте жақсы. Өте қонақжай қала екен. Болашақта тағы да келгіміз келеді. Алғаш жылылықты достықты сезіндік. Ерікті жастар әрдайым көмекке келуге дайын. Көмектесіп жатыр. Сұрақтарымызға жауап береді.

– Сізге универсиаданың ашылу салтанаты ұнады ма?

– Ашылу салтанаты есте қаларлықтай болды. Барлығы да жоғары дәрежеде ұйымдастырылған. Ұйымдастырушылар, студенттер барлығы да дайындалғандары көрініп тұр.

– Қарсыластарыңыздан кімді ең мықты деп ойлайсыз?

– Менің ойымша олардың барлығы да мықты. Қызықты ойын бола-рына сенімдімін. Жақсы ойын үлгісін көрсетуге тырысамыз. Ең бастысы – спортшыға ішкі рухани күш, жеңіске деген сенімділік, мақсат пен ұмтылу қажет.

– Сізге жеңіс тілеймін!

### ДАҒЫСТАНДЫҚ ҚОНАҚТАРДЫҢ РИЗАЛЫҒЫ

Дағыстан Республикасы Дағыстан мемлекеттік гуманитарлық университетінің үстел теннисінен универсиада құрамасының жаттықтырушысы Гамзат Магомедов тілші сұрақтарына жауап берді.

– Дағыстан теннис құрамасы қашан құрылды?

– Біздің елде үстел теннисі алғаш рет 1980 жылы ұйымдастырылды.

– Сіздер ұйымдастырып отырған универсиада туралы айтар болсам, ашылу салтанаты жоғары деңгейде өтті. Ұйымдастырушылардың жұмысына көңілім толды. Жарайсыздар! Бізді жақсы қарсы алды.

– Бұған дейін командаңызбен қандай ірі жетістіктерге жеттіңіздер?

– Біздің қыздарымыз Дағыстан республикасының чемпиондары. 2010 жылғы болған универсиадада жүлделі II орынды иелендік.

– Алдағы жоспарларыңызбен бөліссіз бе?

– Универсиаданы жеңіп шығып, үйімізге аман – есен оралу (күлді).

Дағыстандық теннис ойыншысы Асият Абдурахмановада тілші сауалдарына жауап берді.

– Бірнеше минуттан соң ойын басталады. Көңіл күйіңіз қалай?

– Әрине, жеңістен үміттенеміз. Толқыпта тұрмыз. Бір жағынан уайымда жоқ емес.

– Ең мықты қарсыластарыңыз кімдер деп ойлайсыз?

– Біздің мықты қарсыласымыз Астрахан мемлекеттік техникалық университетінің командасы деп білемін. Өйткені, біз олармен бұдан бұрында түрлі жарыстарда кездесіп жүрдік. Сырымызға қанық... Өте мықты команда. Жақсы ойын үлгісін көрсете алады.

– Қазақстанға алғаш рет келген боларсыз?

– Иә! Біз Қазақстанға алғаш рет келіп отырмыз. Бізге барлығы ұнады. Жақсы қарсы алды. Қазақ халқы бауырмал, қонақжай халық екен. Қаламен танысуға еріктілер көмектесіп жатыр. Барлығы да керемет. Жол ұзақ болғанымен келе сала, күтіп алған жігіттер көңіл күйімізді көтеріп жіберді. Жылы жүзді қарсы алудан шаршағанымыз сейілді.

– Жеңіске жетулеріңізге тілектеспіз!

Сұхбаттасқан Асылай  
СӘРСЕНОВА, Х.Досмұхамедов  
атындағы Атырау мемлекеттік  
университетінің 2 курс студенті



Мы также взяли интервью у нашей гостьи из Исламской Республики Иран. Марьям Рефахати. Она поделилась своими впечатлениями о прошедшем соревновании по шахматам. Марьям является студенткой 4-го курса факультета физической культуры и спорта.

– Марьям! Поделитесь своими впечатлениями о нашем городе, о людях.

– Впечатления очень хорошие. Люди добрые, вежливые, отзывчивые.

– Как прошла игра? Было ли трудно?

– Было не трудно, но и не легко.

– Понравилось ли вам участие в

универсиаде и каковы ваши впечатления о турнире?

– Да, мне очень понравилось участие в универсиаде.

– Как проходила подготовка к турниру?

– Мы долго и интенсивно тренировались. Прежде всего, нужно сосредоточиться и ничто не должно тебя отвлекать.

– Почему вы выбрали именно шахматы?

– С самого детства я с друзьями очень любила играть в шахматы. Так и появился интерес к этому красивым фигурам на клеточной доске. Потом родители записали меня на шахматы и вот с тех пор – это мой любимый вид спорта. Мне нравится думать, соби- рать пазлы.

– Какое у вас сложилось мнение о ваших соперниках? Как вы думаете, достаточно ли они были сильны? Было ли трудно с ними играть?

– Они все играли очень хорошо. Как я уже отметила, было не трудно, но и легко тоже не было.

– Какие у вас планы на будущее?

– Сейчас я учусь на 4-м курсе университета на факультете физической культуры и спорта и поэтому первым делом нужно окончить университет. Буду так же играть в шахматы.

– Марьям, спасибо вам большое! Мы желаем вам дальнейших успехов и удачи во всех ваших делах!

P.S. В личном зачете среди мужчин первое место занял студент Астраханского Государственного Универ-

ситета Ивлев Алексей, второе – студент Калмыцкого Государственного Университета Нурджиев Алдар, третье место занял студент Атырауского Государственного Университета Сайрошев Нурбек.

Пожалуй, лучшим комплиментом соревнованиям стали искренне горящие глаза шахматистов, а этот факт является неопровержимым доказательством того, что универсиада удалась.

Студентки 3-го курса  
Атырауского Государственного  
университета им. Х. Досмұхаме-  
дова специальности журналистика  
Сулейменова А., Сулейменова И.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы  
Атырау қаласы  
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Мәншүк МҰҚАШЕВА – Бас редактор

Жәнібек ҒАЛЫМ – Бас редактордың орынбасары

Владислав ШИГАЕВ – дизайнер-бет құрушы

Журналистер:

Журналистика кафедрасының оқытушылары мен студенттері.

Электрондық пошта – zhyrnalistika@asu.edu.kz

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және  
ақпарат министрлігінде  
тіркеліп, №2659 куәлік  
берілген 04.02.2002 ж. Газеттің  
жылына 10 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық»  
ЖШС баспаханасында  
басылды. Тапсырыс #155  
Баспаның мекен-жайы:  
Атырау қаласы,  
Жарбосынов көшесі, 5 үй  
Тираж 5000 дана